



**БАНК
ХОУМ КРЕДИТ**

**«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген
18.06.2015 ж.
№ 20/2015 хаттама**

**«БАНК ХОУМ КРЕДИТ» АҚ ЕБ-ДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА
БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ**
(30.03.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Алматы қ., 2015

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Кіріспе

1-бап. Терминдер мен анықтамалар

2-бап. Жалпы ережелер

2-тарау. Несие ұсыну шарттары

1-бап. Несиені ұсыну мен оны өтеу

2-бап. Банкке қойылатын шектеулер

3-тарау. Жеке тұлғаларға ағымдағы шоттарды ашу мен олар бойынша қызмет көрсету шарттары

1-бап. Жалпы ережелер

2-бап. Шотты жүргізу

3-бап. Шотты жабу

4-тарау. Төлем карталарын шығару, қызмет көрсету мен пайдалану шарттары

1-бап. Жалпы шарттар

2-бап. Картаны шығару

3-бап. Картаны пайдалану ережелері

4-бап. Несие картасы бойынша несие лимитінің шеңберінде операцияларды және шот бойынша операцияларды жүргізу тәртібі

5-бап. Несие лимитін ұсыну

6-бап. Сыйақыны есептеу шарттары

7-бап. Берешекті және/немесе техникалық овердрафты өтеу

8-бап. Картадан бас тарту

5-тарау. Салымдарды орналастыру шарттары

1-бап. Жалпы ережелер

2-бап. Салымды енгізу тәртібі

3-бап. Салымды қайтару тәртібі

6-тарау. Электрондық банктік қызметтерін ұсыну шарттары

1-бап. Жалпы ережелер

2-бап. Электрондық банктік қызметтерін ұсыну шарттары

3-бап. Интернет-банкинг қызметін ұсыну мен пайдалану тәртібі

4-бап. Электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерін ұсыну мен пайдалану тәртібі

5-бап. Электрондық банктік қызметтерін көрсетуді тоқтату мен оларды жою

6-бап. Қауіпсіздік процедуралары

7-бап. Төлемдер мен шот ашпастан ақша аудару

8-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1-бап. Банктің құқықтары мен міндеттері

2-бап. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

9-тарау. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершіліктен босатылу

10-тарау. Қорытынды ережелер

1-тарау. Кіріспе

1-бап. Терминдер мен анықтамалар

Осы шартта келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **авторизация** – Банк тарапынан картаны пайдалана отырып төлем жасауға берілетін рұқсат;
- 2) **аутентификация** – Банкпен белгіленген қауіпсіздік рәсімін пайдалану арқылы электрондық құжаттың түпнұсқалылығы мен оның дұрыс құрастырылғанын растау;
- 3) **Банк** – «Хоум Кредит энд Финанс Банк» акционерлік қоғамы еншілес банкі (қысқартылған атауы - «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ);
- 4) **банктік күн** – ҚР-ның банктері операцияларды жүргізуге ашық күн;
- 5) **банктік қарыз** – ҚР уәкілетті органның лицензиясының негізінде Банктің төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық негізінде берген ақшалай несиесі;
- 6) **банктік қызмет** – осы шартқа, сонымен бірге жеке банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарға сай көрсетілетін қызмет;
- 7) **банктік қызмет көрсету** – осы шарт пен ҚР заңнамасына сай Клиентке қызмет көрсету;
- 8) **банкомат (АТМ)** – карта ұстаушыларына қолма-қол ақшаны алуға және картаны пайдалана отырып басқа қызметтерді пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;
- 9) **картаны бұғаттау** – картаны пайдалану арқылы төлемдерді жасауға толық немесе уақытша тыйым салу;
- 10) **салым** – банк салым шартымен куәландырылған депозит;
- 11) **веб-сайт** – Банктің келесі Интернет желісіндегі мекенжайлардағы веб-сайты: www.homecredit.kz және/немесе <https://ibank24.kz>;
- 12) **үзінді-көшірме** – Банк бекіткен нысанға сай шот (шоттар) бойынша үзінді-көшірме;
- 13) **жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі** – ҚР заңнамасына сәйкес есептелген қызметтер бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;
- 14) **депозит** – Клиенттің Банкке табыстаған ақшасы. Табысталған ақшаны қайтару нұсқалары: ақша номиналды түрде талап етілген кез-келген сәтте немесе белгіленген мерзімнен кейін толығымен немесе бөлшектеп, алдын ала ескерілген үстемемен немесе мұндай үстемесіз тікелей Клиентке немесе тапсырма бойынша үшінші тұлғаларға қайтарылады;
- 15) **шарт** – «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ-да жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету туралы осы шарты;
- 16) **жеке банктік қызметтерді көрсету шарты** – осы шарттың шеңберінде Банк пен Клиент арасында жасалынатын жеке банктік қызметтерді көрсету шарты, соның ішінде банктік қарыз шарты (несие шарты), банк салымы шарты, шотты ашпастан ақша аударымы туралы шарт;
- 17) **карта ұстаушысы** – картаны пайдалануға құқығы бар және шоттың иесі болып табылатын Клиент;
- 18) **динамикалық сәйкестендіру** – Клиенттің біржолғы кодты пайдалану арқылы электрондық банктік қызметтерін алуға құқықтарын толығымен растау мақсатында оның нақты тұлғасын анықтау процедурасы;
- 19) **несие лимитінің қол жетімді қалдығы** – Клиенттің пайдаланылмаған несие лимитінің мөлшері;
- 20) **КЖҚ** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат;
- 21) **өтініш** – банктік қызметті алу мақсатында жеке тұлға Банкке жіберген Банк бекіткен нысанда әзірленген өтініші;
- 22) **берешек** – несие шарты және/немесе осы шартқа сай жасалынған басқа мәмілелер бойынша Клиенттің орындалмаған ақшалай міндеттемелері;
- 23) **Клиентті сәйкестендіру** – Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен бекітілген

процедуралардың негізінде Клиенттің жеке басын анықтау;

24) **жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)** – ҚР-ның уәкілетті мемлекеттік органының жеке тұлғаға арнап тағайындайтын және уәкілетті мемлекеттік орган берген Клиенттің жеке басын куәландыратын құжатындағы немесе басқа құжатында көрсетілетін бірегей нөмірі;

25) **банк салымының жеке шарттары** – салым түрін, валютасын, салым мерзімін, салым бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін қосқанда, пайыздық мөлшерлемесін анықтайтын банк салымы шартының талаптары;

26) **ақпараттық-банктік қызметтер** – Клиенттің сұрауы бойынша немесе Банк пен Клиент арасында жасалған шартқа сәйкес Банк тарапынан Клиентке оның шоттарындағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы, жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары туралы, сонымен бірге көрсетілетін және көрсетілген банктік қызметтері туралы ақпарат беруімен байланысты электрондық банктік қызметтері;

27) **интернет-банкинг (мобильді банкинг)** – динамикалық сәйкестендіру фактісі негізінде Клиентке электрондық банктік қызметтерін Интернет және/немесе арнайы электрондық байланыс құралдарының қолданбасы арқылы ұсынатын бағдарламалық-техникалық кешен;

28) **карта** – карта ұстаушысына (Клиентке) шотта бар, сонымен бірге тараптар арасында жасалынған несие шартының талаптарына сәйкес Банк ұсынған карта бойынша несиенің ақша сомасы шеңберінде төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем картасы;

29) **қол жеткізу арнасы** – интернет-банкингтің веб-интерфейсі арқылы Клиенттің банктік қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігі;

30) **капиталдандыру** – жинақ шотындағы салым бойынша есептелген пайыздарды есепке алу. Жинақ шотындағы салым сомасы артады және пайыздар есептеледі;

31) **Клиент** – осы шартты жасасқан жеке тұлға;

32) **құпия сөз** – Клиент Банкке телефон арқылы хабарласқан кезде оны сәйкестендіруді қамтамасыз етуге арналған арнайы шифр. Құпия сөзді Клиент өзі құрастырып, өтінішті рәсімдеген кезде Банктік қызметкеріне хабарлайды. Банк жүйесіне енгізу барысында қателіктерді мүмкіндігінше болдырмау мақсатында құпия сөзде сандар мен орыс алфавитінің әріптері қолданылады;

33) **карта компрометациясы** — Клиентте немесе Банкте Клиенттің рұқсатымен немесе рұқсатынсыз картаға, картаның деректемелеріне немесе картаның магниттік сызығының кодына қол жеткізгендігі немесе қол жеткізуі ықтимал екендігі туралы пікірдің болуы;

34) **несие** – банктік қарыз шартына (несие шартына) сай Банк Клиентке ұсынған ақша сомасы;

35) **несие шарты** – несие / несие картасын және/немесе несие лимитін ұсыну туралы Банк пен Клиент арасында жасалынған шарт;

36) **несие лимиті** – Банк Клиентке ашқан несие желісінің мөлшері;

37) **несие картасы** – Клиентке төлемдерді жүзеге асыруға және оған ұсынылған несие лимиті мен өзінің жеке қаражаты шеңберінде қолма-қол ақша алуға мүмкіндік беретін карта;

38) **байланыс орталығы** – телефон байланысы арқылы қашықтықтан Банктік қызметтерін көрсетуге және Клиент сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік беретін Банк Клиенттеріне көмек көрсету жүйесі;

39) **жеке пароль** – Клиент өзі құрайтын, тек қана Клиентке белгілі болатын, Клиентке берілген логинге байланыстырылған, Клиент Интернет-банкингті пайдаланған кезде Клиенттің толық сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік беретін алфавиттік-сандық және арнайы таңбалар кезектілігі;

40) **логин** – Клиенттің Интернет-банкингке қосылу үшін сәйкестендіру рәсімінен өткен кезде қолданатын символдардың бірегей жинағы. Логин ретінде телефон нөмірі пайдаланылады. Логинді өзгерту үшін Клиент Банк белгілеген үлгі бойынша Банкке жазбаша өтініш жіберу керек;

41) **жеңілдікті мерзім** – Банк белгілеген өтеу мерзімінің аяқталу күніне дейін әрекет ететін несие шарты бойынша берешекті жеңілдікті тәртіппен өтеуге арналған уақыттың мерзімі;

42) **төмендетілмейтін қалдық** – Клиенттің жинақ шотында орналастырылған ақша қаражатының сомасы. Қаражатты шоттан толық немесе ішінара алған кезде салым банктік салым шартының талаптарына сай кері қайтарылады (соның ішінде мерзімінен бұрын қайтару). Төмендетілмейтін қалдық мөлшерін Банк өзі жеке бекітеді. Төмендетілмейтін қалдық мөлшері Клиент салымды ашқан кезде салған қаражат сомасынан ерекше болуы ықтимал;

43) **телефон нөмірі** – Клиенттің соңғы көрсеткен және Банк дерек қорында тіркелген, Клиенттің электрондық банктік қызметтерін пайдалану үшін пайдаланатын ҚР-дағы ұялы байланыс операторы абонентінің нөмірі;

44) **біржолғы код (смс-код)** – 5 (бес) таңбадан тұратын және тек қана Клиентке белгілі болатын, Клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдарының көмегімен құрылатын, Клиент электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізу үшін бір мәрте ғана пайдалана алатын немесе Клиент транзакциялық-банктік қызметтерге қол жеткізу үшін бір мәрте ғана пайдалана алатын бірегей сандық комбинациясы. Клиент электрондық банктік қызметтеріне немесе транзакциялық-банктік қызметтерге қайта қол жеткізу үшін жаңа бір мәрте ғана пайдаланылатын (біржолғы) кодты құрып, пайдалану қажет. Бір мәрте пайдаланылатын кодты Банк Клиенттің сұрауы бойынша Клиенттің нөміріне смс-хабарлама ретінде жібереді;

45) **операциялық күн (операциялық уақыт)** – Банк клиенттерге ағымдағы банктік күніндегі кассалық операцияларды жүзеге асырумен тікелей байланысты қызметтер көрсетілетін уақыт кезеңі;

46) **операция** – шоттарда көрсетілуі тиісті кез-келген операция (транзакция), соның ішінде картаны пайдалана отырып, қарыз операцияларын (несие лимиті есебінен шығыс операцияларын) қоса алғандағы шығыс операциялары (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді төлеу, қолма-қол ақшаны алу, ақша аударумен байланысты операциялар), шоттарға ақшаны қолма-қол әдіспен салу немесе қолма-қол ақшасыз әдіспен аудару; қайтарылатын төлемдер; Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеу үшін Банкпен ақшаны есептен алу; шоттардан есептелген төлемдер мен комиссияларды алу; Клиенттің шоттарында көрсетілуге тиісті басқа да операциялар. Интернет-банкингте операцияларды жүргізген кезде Банктің аппараттық құралдарының жүйелі сағаттарындағы уақыт (Астана уақыты) қолданылады;

47) **есеп мерзімі** – өткен айдың есеп айырысу күнінен ағымдағы айдың есеп айырысу мерзіміне дейінгі уақыт кезеңі (яғни ағымдағы айдың есеп айырысу күнін қоспағанда);

48) **мерзімді комиссиялар** – Банк тарифтерімен және (немесе) банктік өнімдер шарттарымен бекітілген мөлшерде мерзімді негізде Банк тарапынан есептен шығаратын комиссиялар;

49) **өтеу мерзімі** – есеп мерзімінде несие картасы бойынша ұсынылған несиенің пайдаланылған сомасы, есептелген сыйақы, тұрақсыздық төлемі мен Банк комиссиялары өтелетін мерзім. Өтеу мерзімі есеп мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күні басталады. Өтеу мерзімі күнтізбелік күндермен бекітіледі және өтініште көрсетіледі;

50) **ПИН-код** – Клиентті автоматтандырылған режимде операциялар жүргізу барысында сәйкестендіруге арналған дербес сәйкестендіру нөмірі, құпия коды;

51) **төлем жүйесі** – картаны пайдалана отырып төлемдердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттама мен ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларының жиынтығы;

52) **ережелер** – осы шартта көрсетілген картаны пайдалану ережелері;

53) **несие лимитінің шекті сомасы** – несие шартына сай ұсынылуы мүмкін несие лимитінің шекті мөлшері;

54) **бастапқы пароль** – Клиент интернет-банкингті алғашқы рет пайдаланған кезде Клиенттің сәйкестендіруін бір мағыналы түрде жүргізуге мүмкіндік беретін Клиентке логинді беруге байланысты Банкпен Клиентке берілетін алфавиттік-сандық және арнайы символдар кезектілігі;

55) **дербес деректер** – электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасығышта тіркелген Клиенттің биометрикалық деректерін қоса алғандағы Клиентке тікелей қатысты мәліметтер;

56) **Клиенттің тапсырмасы** – Банк электрондық банктік қызметтерін көрсеткен кезде пайдаланылатын байланыс арналары арқылы Банкке жіберілген Банк Клиенттің банктік шоттарынан төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу туралы Клиенттің өкімі;

57) **банк ғимараты** – Клиентке банктік қызметтер көрсетілетін Банктің филиалы, филиалдың қосымша үй-жайлары мен басқа ғимараттары;

58) **қауіпсіздік процедурасы** – Клиенттің электрондық банктік қызметтерін алу құқығын, сонымен бірге жіберілетін және алынатын электрондық құжаттардың құрамындағы қателіктерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды әзірлеген, табыстаған және алған кезде Клиенттің сәйкестендіруіне арналған ұйымдық шаралар мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық техникалық құралдарының кешені;

59) **есеп айырысу күні** – Банк есеп айырысу мерзімі үшін мерзімді комиссияны және сыйақыны есептейтін күн. Есеп айырысу күні осы шарттың жасалу күнінің алдындағы ең жақын әр айдың 5, 15 немесе 25-күніне түседі;

60) **тіркеу** – Клиенттің дербес деректерін Банктің жүйесіне енгізу үдересі;

61) **ҚР** – Қазақстан Республикасы;

62) **интернет желісі** – ақпаратты сақтау мен жіберуге арналған біріккен компьютерлік желілердің дүниежүзілік жүйесі;

63) **Банктің қызмет көрсету желісі** – Банктің кассалары, терминалдары, банкоматтары, интернет-банкинг (мобильді банкинг);

64) **тараптар** – Банк пен Клиент бірлесе аталған кезде;

65) **картаның компроментация тәуекелдігі жоғары мемлекет** – картаны пайдалана отырып операциялар жүргізілген мемлекет және Клиенттерге төлем Картасымен байланысты алаяқтық операцияларды болдырмау мақсатында картаны қайта шығаруға Банк тарапынан кеңес беріледі;

66) **төлем карталары бойынша транзакцияларға тыйым салынған мемлекет** – Банк бекіткен шектеулер салдарынан Клиент карталық операцияларды жүргізе алмайтын мемлекет. Төлем карталары бойынша транзакция жасауға тыйым салынған мемлекеттердің тізімі Интернет желісіндегі Банктің веб-сайтында көрсетілген;

67) **шот** – шартта көзделген тәртіп пен шарттарға сай банктік операцияларды жүзеге асыру мақсатында Банк Клиентке арнап ашқан, картаны пайдалана отырып жасалынған операцияларды есепке алуға арналған ағымдағы шотты қосқанда банктік шот (ағымдағы, жинақ);

68) **тарифтер** – Банктің уәкілетті органы бекіткен комиссиялардың және банктік қызметтері үшін сыйақылардың мұндай қызметтерді төлеу және/немесе операцияларды жүргізу күніне әрекет ететін мөлшерлемесі. Клиент Банктің тарифтерімен кез-келген уақытта Банктің барлық ғимараттарында және Банктің веб-сайтында таныса алады. Егер қандай да бір банктік қызметтер үшін тарифтер бекітілмесе, Банк мұндай банктік қызметтерді Клиентке тегін көрсетеді;

69) **техникалық овердрафт** – Клиенттің шоттағы және/немесе несие лимитінің (мұндай несие лимиті белгіленген жағдайда) сомасынан асатын шығыстары (төлемдері), сонымен бірге Клиенттің жеке қаражатының рұқсат етілмеген (заңсыз) мөлшерде шамадан тыс көлемде жаратылуы;

70) **сауда чегі** – картаны пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру фактісін растайтын құжат;

71) **транзакциялық-банктік қызметтер** – Клиент тарапынан банктік шотты (шоттарды)

ашумен және мұндай банктік шотты (шоттарды) жабумен, төлемдерді жүргізумен және ақша аударым үдерістерімен, шетелдік валютамен ақша айырбастау операцияларын жүргізумен, несие / карта бойынша несие берумен және ақпараттық-банктік қызметтерге қатысты емес банктік қызметтердің өзге түрлерін жүзеге асырумен байланысты электрондық банктік қызметтер;

72) **банктік өнімдердің шарттары** – банктік қызметті көрсету күнінде әрекет ететін, Банктің сайтында және/немесе Банк ғимараттарының ақпараттық стендтерінде жарияланған Банк ұсынатын банктік қызметті ұсыну тарифтері мен параметрлерін, жалпы талаптарын анықтайтын Банктің құжаты. Егер өтініште немесе Клиентпен жасалынған жеке шартта өзге көрсетілмесе, мұндай жағдайда банктік өнімдердің тиесілі стандартты шарттары қолданылады. Банктік өнімдердің шарттары Банктің жалпы ережелерінен айырмашылық болған жағдайда, банктік өнімдердің тиесілі стандартты шарттарына сай бекітілген тарифтер қолданылады;

73) **несие лимитінің бекітілген сомасы** – осы шарт пен несие шартының талаптарына сәйкес несие картасы бойынша Банк Клиент үшін белгілеген несие лимитінің қол жетімді сомасы;

74) **электрондық банктік қызметтері** – Клиенттің банктік шот (шоттар) бойынша үзінді-көшірмелерді алу үшін, төлемдерді жүргізу және ақша аудару үшін, банктік шотты (шоттарды) ашу мен мұндай шотты (шоттарды) жабумен және/немесе банктік операциялардың өзге түрлерін жүзеге асыру үшін және/немесе Банк тарапынан банктік операцияларды телекоммуникация желілері, спутниктік байланыс немесе байланыстың өзге түрін пайдалана отырып басқа қызметтерді көрсету үшін көрсетумен байланысты немесе басқа банк операцияларды жүргізу үшін телекоммуникация арналары, спутниктік байланыс арқылы, немесе басқа байланыс арналары арқылы банктік қызметтерді алу үшін өзінің банктік шотына (шоттарына) қол жеткізуді алумен байланысты қызметтер;

75) **электрондық құжат** – жіберуші әзірлеген және әзірлегеннен кейін өзгерістер енгізілмеген және/немесе бұрмалаушылығы жоқ электрондық құжат;

76) **электрондық ақша** – ҚР-ның екінші деңгейлі банктері – эмитенттері шығаратын және электрондық ақша жүйесінде төлемдер мен өзге операцияларды жүзеге асыруға арналған электрондық ақша жүйесінің қатысушылары пайдаланылатын электрондық ақша. Электрондық ақша ҚР-ның ұлттық валютасында шығарылады;

77) **электрондық байланыс құралдары** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік байланыс стандарттарына сәйкес мобильді телефондар, коммуникаторлар, смартфондар мен GSM, CDMA және өзге де ұялы байланыс стандарттары бойынша жұмыс істейтін өзге де құралдар;

78) **электрондық терминал** – қолма-қол ақшаны беру (қабылдау), төлемдерді жүргізу және ақшаны аудару бойынша операцияларды, шетелдік валютамен айырбастау операцияларын және банктік операцияларының өзге де түрлерін жүргізуге және де тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды әзірлеуге арналған электрондық-механикалық құрылғы;

79) **IVR** – карта ұстаушысы жүйеде сәйкестендіру рәсімінен өткеннен кейін карта ұстаушысының бастамасы бойынша ПИН-кодты белсендіру мен іске қосу операцияларын жүргізетін Банктің интербелсенді дыбыстық қызметі;

80) **POS-терминал** – автоматтандырылған режимде картаны пайдалана отырып, операцияларды авторизациялауға арналған электрондық терминал;

81) **SMS-хабарлама** – Банк Клиенттің телефон нөміріне ұялы байланысты пайдалана отырып, бекітілген нысандағы жіберетін қысқаша мәтіндік хабарламасы.

2-бап. Жалпы ережелер

1. Осы шарт Банк жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің шарттары мен тәртібін, сонымен бірге жеке банктік қызметтерді ұсыну шарттарын жасасу тәртібін анықтайды.
2. Осы шарт Клиенттің ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабына сай шартқа толық қосылуы

арқылы жасалынады. Шарт Банк Клиенттен шартқа қосылу туралы жазбаша өтінішін алған күннен бастап жасалынған болып саналады. Шарттың жасалғандығын растау оған Банктің белгісі қойылған немесе осы шартқа қосылу туралы талапты қамтитын жеке банктік қызметтерді ұсыну шартына қол қойылған кезде жүзеге асырылады.

3. Жеке банктік қызметтерді ұсыну шарттарын жасасу мен орындау ҚР заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сай жүзеге асырылады. Осы шарт жеке банктік қызметтерді ұсыну шарттарында реттелмеген тараптардың қарым-қатынастарын реттейді.

4. Осы шартқа сай Клиентке келесі банктік қызметтер көрсетілуі мүмкін:

- 1) банктік шоттарды ашу мен олар бойынша қызмет көрсету;
- 2) салымдарды ашу мен олар бойынша қызмет көрсету;
- 3) төлем карталарын шығару мен олар бойынша қызмет көрсету;
- 4) несиелерді ұсыну;
- 5) электрондық банктік қызметтері;
- 6) шотты ашпастан ақша аудару.

5. Клиентке шартта көзделген қандай да бір банктік қызметті ұсынудың негізгі шартына Клиентті оң сәйкестендіру, сонымен бірге Клиентті электрондық банктік қызметтерін ұсынған жағдайда аутентификациядан өткізу жатады.

6. Егер осы шарт пен Банктің ішкі құжаттарында өзге көзделмесе, Клиентке банктік қызметті ұсынуға негіз болып Клиенттің өтініші немесе Банк бекіткен нысанда тиісті түрде ресімделген өзге құжат саналады.

7. Клиентке шартта көзделген банктік қызметтерді көрсетуді Клиенттің бастамасымен тоқтатудың негізі болып банктік қызметті ұсынуды тоқтату туралы тиісті өтініші немесе Банк бекіткен нысанда тиісті түрде ресімделген өзге құжат саналады.

8. Банктік қызметтерді төлеу тарифтерде және (немесе) банктік өнім шарттарында және (немесе) жеке банктік қызметтерді ұсыну шарттарында өзге көзделмесе, операцияны жүргізу (банктік қызметті көрсету) күніне әрекет ететін жеке банктік қызметтерді ұсыну шарттарында бекітілген мөлшер мен мерзімде жүзеге асырады. Қызметтерді төлеуді Банк Клиенттің шотынан комиссия сомасын есептен шығару арқылы акцептісіз тәртіпте немесе Клиенттің талап етілген соманы Банк кассасына енгізуі немесе ҚР заңнамасында, шарттар мен Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге әдістермен төленеді.

9. Комиссияларды есептеу тәртібі шарттарда және Банктің ішкі құжаттарында анықталады. Осы арқылы тараптар Клиент жеке банктік қызметтерді ұсыну туралы шарттарын бұзған жағдайда төлеген комиссиялары қайтарылмайтындығымен келіседі.

10. Егер шартта және (немесе) тарифтерде және (немесе) банктік өнімдер шарттарында өзге көзделмесе, комиссиялық сыйақы сомасы төлем шотының валютасында алынады. Егер комиссия белгіленген валюта шот валютасынан айрықша болса, шоттан комиссияны есептен шығарған кезде комиссиялық сыйақыны ұстап қалу күнінде әрекет ететін бағам бойынша Банкте бекітілген шот валютасына сома конверсиясы жүзеге асырылады.

11. Банктің терминалдарын / банкоматтарын пайдалана отырып қолма-қол ақшамен байланысты операциялар (соның ішінде қолма-қол ақшаны салу) ҚР заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына, сонымен бірге тиесілі төлем жүйесінің ережелеріне сай Банк бекіткен тәртіпте жүзеге асырылады. Банк терминалдарын / банкоматтарын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны 16:00-ден кейін салған жағдайда, ақша ҚР заңнамасының, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының және тиесілі төлем жүйесінің нормаларын есепке ала отырып, келесі банктік күні жүзеге асырылады.

12. Егер Клиент электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді және аударымдарды жүзеге асырса, төлем және/немесе аударым электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу ережелеріне сай ақша Банктің банктік шотына аударылған сәттен бастап жасалынған болып саналады.

13. Шоттан ақшаны берген, соның ішінде салымды қайтарған және/немесе ол бойынша есептелген сыйақыны Банктің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен кемінде 5 (бес) мың АҚШ доллары / Еуро сомасында шетел валютасында қайтарған жағдайда, Банк конвертация күніне

ҚР Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгеде тиесілі соманың қолма-қол ақшасыз конвертациясын жүзеге асыруға және тиесілі соманы теңгеде беруге құқылы.

14. Қазақстан Республикасы заңнамасына сай шоттағы ақша қалдығы депозиттерді міндетті түрде сақтандырудың нысаны болып табылады. Банк жеке тұлғалар салымдарына кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады (18.04.2013ж. № 34 куәлік). Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен Банк мәжбүрлеп таратылған кезде «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-мен төленетін ақша сомасын Шоттағы сыйақысыз салым сомасы құрайды, бірақ ұлттық валютада кепілдендірілген Салым бойынша 10 000 000 (он миллион) теңгеден, шетел валютасында кепілдендірілген Салым бойынша 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайды. Клиенттің Банкте валютасы мен түрлері бойынша ерекшеленетін бірнеше кепілдендірілген депозиттері болса, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ олар бойынша жиынтықты кепілдендірілген өтеу 10 000 000 (он миллион) теңгеден аспайтын сомада төлейді. Қазақстан Республикасының депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша заңнамасы өзгерген жағдайда, Салымға заңнаманың өзгерісін есепке алумен белгіленген кепілдік беру талаптары қолданылады.

15. Осы шартқа сай ашылатын шот (шоттар) бойынша кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариустық қызметпен, сонымен бірге жеке сот орындаушысының қызметімен байланысты қызметте жүзеге асырылмайды.

16. Банк ҚР заңнамасының талаптарын есепке ала отырып, Банктік қызметкерлеріне ұсынылатын банктік қызметтердің ерекше шарттарын бекіте алады. Банктік өнімдердің ерекше шарттарына сәйкес банктік қызметтерді алуға ықылас білдірген қызметкер Банкке тиесілі өтінішпен жүгінуге міндетті.

17. Осы арқылы Клиент Банкке:

1) өзінің жеке бейнесін, атап айтқанда: Банкпен шарттар жасасу кезінде түсірілген фотосуретті электрондық түрде және қағаз тасығыштарда менің тұлғамды сәйкестендіру мақсатында, сонымен бірге Банкпен шарттар жасасу фактісін анықтау кезінде дәлел ретінде қолдануға;

2) өзінің дербес деректерін ҚР заңнамасымен рұқсат етілетін кез-келген жолмен жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға өзіне Банктің және оның серіктестерінің қызметтерін ұсынуға, шарттарды жасау және орындауға. Банк жоғарыда аталған мақсаттарда өзінің жеке дербес деректерін үшінші тұлғаларға табыстауға, соның ішінде деректердің трансшекаралық табыстауын іске асыруға;

3) Клиентті сәйкестендіру мақсатында шарттарды жасасу мен орындау кезінде алынған өзінің бейнелерін (суреттері мен видеожазбаларын) пайдалануға рұқсат береді.

18. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының, сонымен бірге ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, шартта көздеген банктік және басқа операцияларды жүзеге асырады.

2-тарау. Несиені ұсыну шарттары

1-бап. Несиені ұсыну мен оны өтеу

1. Банк несиелері төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық негізде беріледі. Несие шартының талаптарында қарыз нысанының белгілі бір мақсаттарға сай пайдаланылуы (нысаналы қарыз) қарастырылуы мүмкін.

2. Банк несиелерді тараптар қол қойған несие шартының негізінде ұсынады. Бұл ретте Банк Клиентке несиелерді ҚР заңнамасында және көрсетілген операцияларды жүргізуге қажет Банктің ішкі құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда беріледі.

№ 4 өзгерістер мен толықтырулармен 3-тармақ жаңа редакцияда (30.03.2016 ж. № 9/2016 хаттама)

3. Егер несие шартында өзгеше көзделмесе, несие беру:

1) ақшаны клиенттің Банкте ашылған банктік шотына аудару арқылы;

2) ақшаны клиенттің басқа банкте немесе «Казпочта» АҚ-да ашылған шотына аудару арқылы;

3) несиені алу туралы өтініш пен тауар сипаттамасына сай Клиент сатып алатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтердің құнын төлеу арқылы жүзеге асырылады. Клиент сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің құнын төлеу процесі банк пен жеткізуші (сауда ұйымы, сақтандырушы) белгілеген шарттарға сай жүзеге асырылады. Жеткізуші тарапынан тауардың берілуі, жұмыстардың орындалуы және қызметтердің көрсетілуі жасалынған несие шартының негізінде жүзеге асырады.

4. Карта бойынша несие беру жеке несие шарты мен осы шарттың 4-Тарауының талаптарына сай несие лимиті шеңберінде несие картасы бойынша операцияларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

5. Несие Клиент сатып алатын тауарлардың құнын несие алуға өтінішіне және тауардың сипаттамасына және мұндай тауарды Клиенттің жеткізушіге қайтару туралы өтінішіне сай ұсынған жағдайда, Клиент қайтарылған тауар құнының сомасын жеткізуші Банкке Клиенттің тиісті несие шарты бойынша берешегін өтеу есебіне аударыла алатындығымен келіседі.

6. Егер несие ақшаны клиенттің басқа банкте немесе «Казпочта» АҚ-да ашылған шотына аудару арқылы берілетін болса, Банктің несие беру жөніндегі міндеттемесі Банк шотынан ақша есептен шығарылған күннен бастап орындалған болып есептелінеді.

7. Несие картасы бойынша несие лимитін ұсыну туралы несие шартының талаптарына сай карта бойынша несиені ұсынған жағдайда, карта бойынша несие Банкте ашылған Клиенттің шотында карта бойынша несие есебінен қолма-қол ақшаны алумен және төлемдерді жасаумен байланысты операциялар бойынша сомалар көрсетілген күннен бастап ұсынылған болып есептелінеді. Егер несие шартында өзге көзделмесе, басқа жағдайларда несие шартына қол қойған сәттен бастап несие берілген болып есептелінеді.

8. Несие клиенттің таңдауы бойынша несие шартының ажырамас бөлігі болып табылатын несие өтеу кестесіне сәйкес қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз аннуитеттік (бұл ретте банктік қарыз бойынша берешек банктік қарыздың бүкіл мерзімі бойы тең төлемдермен өтеледі және сол төлемдердің құрамы негізгі борыш бойынша мерзім өткен сайын ұлғаятын төлемдерден және кезең ішіндегі негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақы бойынша азаятын төлемдерден тұрады; бұл ретте бірінші және соңғы төлемдер басқалардан ерекшеленуі мүмкін) немесе сараланған төлемдер әдісімен (бұл ретте банктік қарыз бойынша берешек мерзім өткен сайын азаятын төлемдермен өтеледі және сол төлемдердің құрамы негізгі борыш бойынша және кезең ішіндегі негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақы бойынша тең төлемдерден тұрады) немесе тараптардың келісімі бойынша өзге әдістермен өтеледі.

9. Банк егер өтініште және/немесе өтеу кестесінде және/немесе несие шартында көзделсе, несиені жеңілдікті өтеудің ерекше шарттарын орната алады:

1) несие картасын пайдаланбастан ұсынылған несие бойынша бірінші төлем өтеу кестесінде көзделген тәртіпте шартты жасасқан күннен бастап екі ай өткеннен кейін жасалынуы мүмкін. Бұл ретте несиені аннуитеттік өтеу әдісіне сай несиені пайдаланған бірінші ай үшін есептелген сыйақы өтеу кестесінде көзделген өтеу күндерінде тең төлемдермен өтеледі және несиені пайдаланған тиісті мерзім үшін есептелінетін сыйақының жалпы сомасы артады; ал несиені өтеудің сараланған әдісі кезінде бірінші ай үшін сыйақы өтеу кестесіне сай бірінші төлемді төлеген күні өтеледі;

2) Клиент ай сайынғы төлемдерді уақытылы өтеген жағдайда, ол тиісті өтініште көрсетілген соңғы ай сайынғы төлемдерді енгізуден босатылуы мүмкін;

3) Клиенттің несие шарты бойынша міндеттемелері несие алуға өтініште көрсетілген мерзім ішінде несиенің жалпы сомасы мөлшеріндегі ақша сомасын Банкке төлеген жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

10. Өтеу сәтінде карта бойынша несие берешегінің жалпы сомасынан артық төленген ақша сомасын Банк келесі өтеу мерзімінде карта бойынша несиенің берешегін өтеу есебіне дебеттейді.

11. Банк ай сайынғы төлемді өтеу әдістерін өзгертуге құқылы, алайда Банк Клиентке жазбаша түрде мұндай өзгерістер туралы хабарлауы тиіс. Егер несиенің шартында өзге көзделмесе, Банк ай сайынғы төлемді алған, ал Клиенттің міндеттемелері Банк шотына төлемді есепке алған күні немесе Банктің кассасы және (немесе) терминалы арқылы қолма-қол ақшаны енгізген күні орындалған болып есептелінеді. Клиент несиені электрондық ақшаны пайдалана отырып өтеген жағдайда, несиенің электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу ережелеріне сай Банктегі банктік шотына есепке аударылған сәттен бастап өтелген болып саналады.

12. Несиені мерзімінен бұрын қайтарған және несиенің шартын бұзған жағдайда, Клиент Банкке өзі алған несиенің толық сомасын қайтаруға міндеттенеді.

13. Жаңа несиелерді және (немесе) ағымдағы несиелер бойынша қайта қаржыландыруды жүзеге асыру мақсатында Клиент Банкке өзі туралы мәліметтерді несиенің бюроларына беруге және Банкке несиенің бюролары тарапынан несиенің есебін, сонымен бірге ҚР-ның несиенің бюролары мен несиенің тарихтарын қалыптастыру туралы заңнамасына сай шарт бойынша тараптар өз міндеттемелерін орындауымен байланысты ақпаратты беруіне өз келісімін береді. Көрсетілген келісім шарттың жарамдылық мерзімі ішінде әрекет етеді.

№ 2 өзгерістер мен толықтырулармен 1 бап 14-16 тармақтармен толықтырылды (28.12.2015 ж. № 41/2015 хаттама)

14. Банк біржақты тәртіпте несиенің шартының талаптарын Клиент үшін оларды жақсарту жағына қарай өзгертуге құқылы. Клиент үшін несиенің шартының талаптарын жақсартуға төмендегі іс-әрекеттер жатады:

1) несиенің бойынша қызмет көрсетуге байланысты комиссияларды және қызметтер көрсеткені үшін өзге төлемдерді толық жою немесе азайту жағына қарай өзгерту;

2) тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімпұлды) толық жою немесе азайту жағына қарай өзгерту;

3) несиенің шарты бойынша сыйақы мөлшерлермелерін азайту жағына қарай өзгерту;

4) несиенің шарты бойынша төлемдерді өтеу мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу;

5) несиенің лимитін арттыру;

несиенің шартында және/немесе ҚР заңнамасында көзделген өзге талаптар.

15. Банк Клиентке қатысты талаптарды жақсартуды қолданған жағдайда, Банк өз қалауы бойынша жазбаша нысанда немесе Клиент көрсеткен мекенжайы/телефон нөмірі бойынша SMS арқылы хабарлама жібереді. Клиент хабарламаны алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Банкке жазбаша нысанда хабарлама жіберу арқылы талаптарды жақсартудан бас тартуға құқылы.

16. Осы баптың 14 және 15-тармақтарының ережелері 2016 жылғы 01 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және олар қолданысқа енгізілген күннен бастап бұрын жасалған несиенің шарттарынан туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

2-бап. Банкке қойылатын шектеулер

Банк құқылы емес:

1) біржақты тәртіпте Клиентпен шарт жасасу күнінде бекітілген тарифтердің мөлшері мен есеп айырысу тәртібін, комиссиялық сыйақыларын және несиенің / карта бойынша несиенің қызмет көрсету және (немесе) банктік өнімдердің шарттары бойынша басқа шығындарды арттыру жағына өзгертуге;

2) біржақты тәртіпте жасалынған шарт шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін енгізуге;

3) егер несиенің ұсыну шарттарында сақтандыру шарттарын жасасу және (немесе) қамсыздандыру болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалауды жүргізу талабы қойылған жағдайда, Клиентті, кепілдік берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауын шектемеуге, сонымен бірге Клиентке өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуді шектеуге;

4) біржақты тәртіпте келесі жағдайларды қоспағанда жасалынған шарт шеңберінде жаңа қарыздарды беруді тоқтатуға:

Банк жаңа қарыздарды беруді жүзеге асырмау құқығы көзделген шарттарды;
Клиент Банк алдындағы шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда;
қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сай келетін Банктің ішкі несие саясатына сай Банк өткізетін мониторинг нәтижелері бойынша Клиенттің қаржылық жағдайының нашарлауы анықталса;

Банктің шартты тиісті деңгейде орындауына әсер ететін ҚР заңнамасы талаптарының өзгеруі;

5) несиені алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі берешекті мерзімінен бұрын толық ішінара өтеген жағдайларды қоспағанда, қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл шараларының басқа түрлерін өндіріп алуға;

6) негізгі берешекті немесе айыппұл шараларының басқа түрлерін өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл шараларының басқа түрлерін өндіріп алуға. Сыйақыны немесе негізгі берешекті өтеу мұндай күннен кейінгі келесі банктік күні жүзеге асырылады.

3-тарау. Жеке тұлғаларға ағымдағы шоттарды ашу мен олар бойынша қызмет көрсету шарттары

1-бап. Жалпы ережелер

1. Банк Клиент ҚР заңнамасында және көрсетілген операцияларды жүргізуге қатысты Банктің ішкі құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, осы шарттың негізінде ағымдағы шоттарды ашады, оларды жүргізеді (қызмет көрсетеді) және жабады.

Тараптардың келісімі бойынша ағымдағы шотты ашу мен ол бойынша қызмет көрсету шарттарды ағымдағы шоттың жеке шарты ретінде ресімдеуге болады, бұл ретте тараптар мұндай шарттарға қол қоюы тиіс.

2. Банк шотты келесі негіздер бойынша аша алады:

1) Банк бекіткен нысандағы тараптар қол қойған өтініш;

2) Банк бекіткен нысандағы Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып, интернет-банкингте қалыптастырылған өтініш.

3. Банк Клиентке шотты өтініште көрсетілген валютада ашады.

4. Банк төменде көрсетілген әдістердің бірін немесе әдістердің бірнеше нұсқасын пайдалана отырып, Клиентке Банкте оның атына ашылған шоттың нөмірі туралы хабарлайды:

1) Клиент Банктің ғимаратына тікелей жүгінген кезде, бұл ретте Клиент ағымдағы шоттың нөмірі көрсетілген Банктік қызметкерінің қолымен куәландырылған жазбаша құжатты алуға құқылы;

2) интернет-банкинг арқылы.

5. Клиент интернет-банкинг арқылы шотты ашқан жағдайда, Банк Клиентке интернет-банкингтің көмегімен келісілген шарттарда шотты ашу арқылы растау немесе шотты ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.

6. Өтініш пен Банктің интернет-банкинг жүйесінде қалыптастырған шотты ашу туралы растауы Банктің дерек қорында электрондық нысанда сақталынады.

7. Клиент Банктің кез-келген бөлімшесінен интернет-банкинг көмегімен ашылған ағымдағы шоттары бойынша қағаз тасығышта шотты ашу туралы өтініштің данасын және шотты ашуды растаудың данасын алуға құқылы.

8. Интернет-банкинг арқылы ағымдағы шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыру тәртібі электрондық банктік қызметтерін ұсыну шарттарымен анықталған. Қарталар бойынша ашылған ағымдағы шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыру тәртібі төлем қарталарын шығару, олар бойынша қызмет көрсету мен мұндай қарталарды пайдалану шарттарымен анықталған.

9. Клиенттің Банктегі шоттары бойынша интернет-банкингті пайдалана отырып жүзеге асыратын жеке банктік операцияларға қатысты ҚР-ның заңнамасында, Банктің және (немесе)

басқа банктердің, қаржы ұйымдарының және (немесе) мұндай операцияларды жүзеге асыратын төлем жүйелерінің ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген шектеулер қолданылуы мүмкін.

2-бап. Шотты жүргізу

1. Банк шотты жүргізуді ҚР заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Банк Шот бойынша келесі операцияларды жүзеге асырады:

1) ҚР заңнамасында бекітілген тәртіп пен мерзімде ақшаны шотқа есепке алады және шоттағы ақшаны есептен шығарады;

2) ҚР заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшаны қабылдайды және қолма-қол ақшаны береді;

3) Клиенттің Банктегі және басқа банктердегі шоттарынан аударылатын, сонымен қатар үшінші тұлғалар тарапынан Клиент пайдасына аударылатын ақшаны шотқа есепке алады;

4) Клиенттің төлем тапсырмасы бойынша шоттағы ақшаны Банкте және басқа банктердегі шоттарға, сонымен қатар үшінші тұлғалардың пайдасына аударды;

5) ҚР заңнамасында және/немесе шартта көзделген негіздерге сай Клиенттің ақшасын алу туралы үшінші тұлғалардың үкімдерін орындайды;

6) Клиенттің талабы бойынша Банктің операциялық күні ішінде шоттан үзінді-көшірмелерді береді. Шот бойынша үзінді-көшірмелер электрондық банктік қызметтерін пайдалана отырып немесе қолма-қол берілуі мүмкін;

7) ҚР заңнамасында және шарт бойынша көзделген өзге операциялар.

3. Банк Клиенттің шоты бойынша барлық шығыс операцияларды сол шоттағы қаражат сомасының шегінде жүзеге асырады.

4. Банк Клиенттің шоттарына ақшалай қаражатты мұндай ақшалай қаражат Банктің шотына түскен күннен кейінгі келесі банктік күнінен кешіктірмейтін мерзімде, егер үшінші тұлғалармен шоттарға ақшалай қаражатты есепке алу туралы жеке шарттарда өзге, яғни есепке алудың қысқартылған мерзімі қарастырылмаса, есепке алады.

5. Шот бойынша барлық операцияларды Клиенттің заңды өкілдері, қамқоршылары мен жебеушілері тек қана Клиент берген және нотариалды түрде куәландырылған сенімхаттың негізінде ғана жүзеге асыра алады. Банк өзінің ішкі процедураларына сәйкес үшінші тұлғаларға операцияларды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

6. Клиенттің шотынан ақшаны оның келісімінсіз / акцептісіз алу тек қана ҚР заңнамасында және шартта көзделген жағдайларда ғана тікелей алынады. Клиенттің шоты бойынша операцияларды тоқтату мен оның шотындағы ақшаға тыйым салу ҚР заңнамасының талаптарына сай жүзеге асырылады. Банк мұндай жағдайларда Клиентке келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

7. Банк тарапынан Клиенттің шотындағы ақша қалдығына сыйақы, егер банктік өнімдер шарттарында немесе тараптар арасындағы жеке келісімде өзге көзделмесе, есептелінбейді.

8. Шотты несиелеу тараптар арасындағы жеке келісімде өзге көзделмесе жүзеге асырылмайды.

9. Шот бойынша валюталық операцияларды жүргізу ҚР-ның валюталық заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сай жүзеге асырылады.

10. Шотқа қолма-қол ақшасыз тәртіпте немесе шот валютасынан ерекшеленетін валютада қолма-қол ақшалай қаражат түскен жағдайда, Банк шотқа ақшалай қаражатты есепке алу бойынша операцияларды жүзеге асыру сәтінде Банк бекіткен валюта бағамы бойынша түскен (енгізілген) соманы конвертациядан өткізеді.

11. Осы арқылы Клиент өзінің жеке кәсіпкерлік қызметімен байланысты шығыс / кіріс операцияларын жүзеге асырмауға, сонымен бірге кәсіпкерлік қызметпен байланысты аударымдарды (төлемдерді) шотқа үшінші тұлғалардың аудару жағдайларын болдырмауға міндеттенеді.

12. Клиенттің шоты бойынша қызмет көрсетумен байланысты Банктің пошталық және өзге шығыстарын Клиент Банктің бекітілген тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарында бекітілген мөлшерде толық көлемде өтейді.

13. Банк Клиенттен ҚР заңнамасының талаптарының сақталуын тексеру мақсатында жүргізіліп жатқан операцияға қатысты құжаттар мен қосымша ақпаратты талап етуге құқылы.

14. Клиент конверсиондық операцияларды жүргізуді реттейтін ҚР заңнамасын сақтауға міндеттенеді. Конвертация Клиент тиісілі түрде ресімдеген нұсқаулықтың негізінде шотта бар сома шеңберінде жүзеге асырылады. Конвертация бойынша операциялар жүргізілетін валюталардың тізімін Банк жеке бекітеді және өз қалауы бойынша өзгерте алады. Операциялар ағымдағы валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады және мұндай операцияларды жүргізу сәтінде әрекет ететін Банктің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай комиссия алынады.

3-бап. Шотты жабу

1. Шот Клиенттің жазбаша өтінішіне сай кез-келген уақытта жабылуы мүмкін. Шотты жабу Клиенттің бастамасы бойынша Банк бекіткен нысан бойынша тиісті түрде ресімделген және қол қойылған шотты жабуға өтінішке сай жүзеге асырылады. Клиент мұндай өтінішке өзінің қолтаңбасын немесе біржолғы кодын қоюы тиіс, сонымен бірге Банк мұндай өтінішті алған күннен бастап кемінде 30 (отыз) банктік күн ішінде мұндай шот бойынша Клиентте орындалмаған талаптар болмаған жағдайда қабылдайды. Банк шот бойынша ақшалай қаражаттың қалдығын Клиенттен шотты жабу туралы өтінішті алғаннан бастап кемінде 30 (отыз) банктік күн ішінде Клиентке береді немесе Клиент көрсеткен деректемелер бойынша аударды.

2. Банктің бастамасы бойынша шот келесі жағдайларда жабылуы мүмкін:

Клиенттің шотында бір жылдан астам мерзім ішінде ақша болмаса (ақша қозғалысы болмаса):

Банк таратылса;

Банктің жеке тұлғаларға банктік шоттарды ашуына және жүргізуіне рұқсат беретін лицензиядан айырылған жағдайда, банк қайта құрылса,

сонымен бірге шартта және/немесе ҚР заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.

3. Клиенттің шотында бір жылдан астам мерзім ішінде ақша қозғалысы (ақша) болмаған жағдайда, Банк Клиентке шотта ақша қозғалысының жоқ екендігі мен шотты осы хабарламаны жіберген күннен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін жабылатындығы туралы хабарлайды. Хабарлама келген күннен бастап Клиент 3 (үш) ай ішінде шот бойынша операцияларды қайта жүзеге асыруды бастамаған жағдайда, Банк біржақты тәртіпте шартты бұзады, шотты жабады және шоттағы ақша қалдығын өз меншігіне аударды да, ал Клиент осы іс-әрекеттермен сөзсіз келіседі.

4-тарау. Төлем карталарын шығару, қызмет көрсету мен пайдалану шарттары

1-бап. Жалпы ережелер

1. Осы төлем карталарын шығару, қызмет көрсету мен пайдалану шарттары жеке кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғаларға арналған халықаралық төлем жүйесінің карталарын шығару мен қызмет көрсету бойынша, соның ішінде картаны пайдалана отырып жасалынатын операцияларды есепке алу үшін ағымдағы шотты ашу мен ол бойынша қызмет көрсетудің, несие лимитін ұсынудың стандартты шарттарын анықтайды.

2. Осы шарттарға сай Банк төлем карталарын шығару кезінде Клиентке ҚР заңнамасы мен Банктің ішкі нормативтік құжаттары бойынша, соның ішінде картаны пайдалана отырып жасалынған операцияларды есепке алу үшін теңгеде ағымдағы шотты ашады және қызмет көрсетеді.

3. Клиент картаны осы шарттарға сай қабылдауға және пайдалануға, сонымен бірге Банктің картасын шығару мен карта бойынша қызмет көрсетуге байланысты өзге қызметтерді,

сонымен қатар Банктің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай шот бойынша қызмет көрсетуге міндеттенеді.

2-бап. Картаны шығару

1. Банк картаны келесі негіздер бойынша шығарады:
 - 1) Банк бекіткен нысандағы тараптар қол қойған өтініш;
 - 2) Банк бекіткен нысандағы Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып, интернет-банкингте қалыптастырылған өтініш.
2. Банк Клиентке шотты өтініште көрсетілген валютада ашады.
3. Банк төменде көрсетілген әдістердің бірін немесе әдістердің бірнеше нұсқасын пайдалана отырып, Клиентке Банкте оның атына шығарылған карта мен шоттың нөмірі туралы ақпаратты хабарлайды:
 - 1) Клиент Банктің ғимаратына тікелей жүгінген кезде, бұл ретте Клиент шоттың нөмірі көрсетілген Банктік қызметкерінің қолымен куәландырылған жазбаша құжатты алуға құқылы;
 - 2) интернет-банкинг арқылы;
 - 3) SMS-хабарлама арқылы.
4. Клиент интернет-банкинг арқылы жүгінген жағдайда, Банк Клиентке интернет-банкингтің көмегімен келісілген шарттарда картаны шығару мен келісілген шарттарға сай карта бойынша операцияларды жүзеге асыруға қажет шотты ашу арқылы растауды немесе картаны шығарудан және шотты ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.
5. Өтініш пен Банктің интернет-банкинг жүйесінде қалыптастырған картаны шығару мен шотты ашу туралы растауы, сонымен бірге Клиентке жіберілген SMS-хабарламалар Банктің дерек қорында электрондық нысанда сақталынады.
6. Клиент Банктің кез-келген бөлімшесінен интернет-банкинг көмегімен ашылған шот бойынша қағаз тасығышта шотты ашу туралы өтініштің данасын және шотты ашуды растаудың данасын алуға құқылы.
7. Банк картаны шығару туралы оң шешім қабылдаған жағдайда және Клиент ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды ұсынған жағдайда, Банк Клиентке арналған төлем картасын шығарады және мұндай төлем картасы бойынша қызмет көрсетеді.
8. Карта Банктің меншігі болып табылады және карта ұстаушысына оны пайдалана отырып операцияларды жүргізуге қажет шотқа қол жеткізу құралы ретінде беріледі. Карта ұстаушысы Банкке карталар бойынша Банк бекіткен қызметтердің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай картаны жылдық пайдаланғаны үшін комиссиялық сыйақыны төлейді.
9. Клиенттің қалауы бойынша картаны қайтадан шығару карта жоғалған / ұрланған / бұзылған жағдайда, сонымен бірге Клиенттің қалауы бойынша Клиент Банкке картаны қайтадан шығару туралы өтінішпен жүгінген сәтте әрекет ететін Банктің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай комиссияны ұстай отырып жүзеге асырылады. Картаны қайтадан шығару туралы өтініш жазбаша нысанда немесе жасырын сөздің көмегімен Клиентті сәйкестендіре отырып телефон бойынша қабылданады. Картаны қайта шығару Клиенттің Банк алдында шот (несие) бойынша мерзімі өткен берешегі немесе басқа орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.
10. Картаның жарамдылық мерзімі аяқталған және Клиенттен картаны қайта шығарудан бас тарту туралы жазбаша өтініші болмаған жағдайда, картаны қайта шығару шартта көзделген жағдайларды қоспағанда автоматты түрде жүзеге асырылады.
11. Банк картаны Клиентке өзінің өтінішінде көрсеткен мекенжай бойынша пошталық жөнелтім арқылы немесе Банктің ғимаратында немесе Банктің уәкілетті тұлғаларының көмегімен тапсыру арқылы береді. Карта ұстаушысы картаны алғандығын картаны өзінің жасырын сөзін көрсете отырып белсендіру (соның ішінде телефон арқылы) және/немесе картаны алғандығы туралы қолхатты алу арқылы растайды. Банк картаны Клиентке беру бойынша міндеттемесін орындау үшін пошталық жөнелтімді пайдаланса, Банктің

міндеттемесі картаны пошта операторына пошталық жөнелтім түрінде берген күннен бастап орындалған болып саналады.

3-бап. Картаны пайдалану ережелері

1. Карта ұстаушысының картаны пайдалануы ҚР заңнамасына, төлем жүйесінің ережелері мен нұсқаулықтарына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына, осы ережелерге, сонымен бірге шарт талаптарына сай реттеледі.

2. Карта ұстаушысы картаны алғандығы келесі жолмен растай алады: Клиенттің картаны 7373 телефон нөмірі бойынша жасырын сөзді көрсете отырып белсендіруі.

3. Карта бойынша операциялар картаның оң бетінде көрсетілген тиісті төлем жүйесінің карталарын қабылдауды жүзеге асыратын орындарда ғана жүзеге асырылады.

4. Картаны басқа тұлғаларға пайдалануға немесе кепілзат ретінде беруге тыйым салынады. Уәкіл етілмеген тұлға аталған картаны ұсынған жағдайда, карта мұндай тұлғаның иелігінен алыну тиіс.

5. Электрмагниттік өрістердің (магниттелген немесе құрамында магнит бар заттардың қасында ұстау, мысалы, кілттер, сөмкелердегі магнит құлыптары), магнит жолағындағы жазуды зақымдап, операцияларды автоматтандырылған режимде жүргізуге мүмкіндік бермейтін механикалық зақымдалу секілді картаға жағымсыз факторлардың әсер етуіне жол берілмейді.

6. ПИН-код картаны IVR арқылы белсендіру сәтінде орнатылады. Карта ұстаушысы ПИН-кодты есте сақтауы тиіс. ПИН-кодтың басқа тұлғаларға мәлім болуына жол бермеу мақсатында ПИН-кодты жазуға болмайды.

7. Карта ұстаушысының ПИН-кодты жариялағаны үшін Банк жауапты емес.

8. ПИН-кодтың дұрыс терілуімен дәлелденген картаны пайдалана отырып жасалынған операцияларды Банк карта ұстаушысы жасады деп есептейді.

9. ПИН-код қатарынан 3 (үш) рет дұрыс терілмеген болса, карта автоматты түрде бұғатталады. Картаны бұғаттан шығару үшін Клиент IVR арқылы жаңа ПИН-кодты құрастыру қажет. Карта автоматты түрде бұғатталған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кейін бұғаттан шығарылады. Клиент Банкке көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін картаны бұғаттау үшін жүгіне алады, бұл ретте Банк картаның бұғатталған сәтінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күні ішінде бұғаттамау құқығын өзіне қалдырады.

10. Карта бойынша төлем кешіктірілсе, Банк алдындағы берешегі болса, Банк картаны автоматты түрде бұғаттайды. Карта автоматты түрде мерзімі кешіктірілген берешекті өтегеннен кейін бұғаттан шығарылады.

11. Картаны пайдалана отырып операцияларды сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарында жүргізу үшін, сондай-ақ қолма-қол ақшаны беру орындарында жүзеге асыру үшін карта ұстаушысы картаны тиісті қызмет көрсету орнының қызметкерлеріне ұсынады.

12. Банкомат арқылы жұмыс істеген кезде карта ұстаушысы қайтарылатын картаны немесе ақша белгілерін алмаса, банкоматтың қорғау жүйесі іске қосылып, Клиенттің ақшасын сақтап қалу мақсатында карта және/немесе ақша белгілерін банкомат алып қойып, арнайы бөлікте ұстап тұрады. Аталған жағдайда карта ұстаушысы Банкпен хабарласады, Банк карта ұстаушысына ары қарай жасауға болатын әрекеттер туралы кеңес береді.

13. Карта жоғалғанда немесе ұрланған жағдайда, сонымен бірге шотты рұқсатсыз пайдаланған жағдайда, карта ұстаушысы дереу картаны бұғаттау туралы ауызша (телефон арқылы немесе байланыстың басқа жолдарымен) немесе жазбаша талабымен Банкке хабарласуы керек. Карта бұғатталған соң карта ұстаушысы карта бұғатталғаннан кейін картаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар үшін жауапты болмайды; карта ұстаушысы карта бұғатталғанға дейін жасалған барлық операциялар үшін толық жауапты болады.

14. Банк жасырын сөзді көрсете отырып картаны бұғаттау фактісін анықтаған жағдайда,

Банк картаны бұғаттау салдарлары үшін шағымдарды қабылдамайды.

15. Картаны қызмет көрсету орнында ұстап қалу төмендегі жағдайларда жүргізіледі:
карта бұғатталған жағдайда;
картаны көрсеткен тұлға оның ұстаушысы болып табылмаған жағдайда;
карта ұстаушысы картаны пайдалана отырып операцияны жүргізген соң картаны қызмет көрсету орнында ұмытып кеткен жағдайда.

16. Картада оның жарамдылық мерзімі аяқталатын айы мен жылы көрсетіледі. Карта көрсетілген жылдағы көрсетілген айдың соңғы күніне дейін жарамды болады. Жарамдылық мерзімі аяқталған соң карталар Банкке тапсырылуы тиіс.

17. Банк пайда болған даулы жағдайлар реттелгенге дейін картаны уақытша бұғаттауға құқылы.

18. Карта ұстаушысы картаны қолданудан бас тартқан жағдайда, карта ұстаушысы картаның күшін жойып, оны тапсыру үшін, сондай-ақ шотты жабу үшін Банкке хабарласады.

19. Берілген картаны ауыстыру (картаның жарамдылық мерзімі аяқталған кезде оны қайта шығаруды есепке алмағанда) немесе жоғалған картаның орнына жаңасын шығару Клиенттің жазбаша өтініші негізінде немесе осы мәселеге байланысты телефон арқылы (Клиенттің құпия сөз көмегімен сәйкестендірілуі міндетті) хабарласуы негізінде іске асырылады.

20. Карта жарамдылық мерзімі аяқталған, карта зақымдалған жағдайда және Клиенттің қалауы бойынша карта ауыстырылуы мүмкін. Ауыстырылатын карта Банкке тапсырылуы тиіс.

21. Карта ұстаушысына шот бойынша операцияларға есеп жүргізіп отыру үшін және мүмкін болатын дауларды реттеу үшін сауда чектерін сақтап отыруға кеңес беріледі. Карта ұстаушысы Банкке барлық даулар бойынша жазбаша сұрау жібере отырып хабарласа алады. Банк 30 (отыз) күнтізбелік күннен мерзімі асып кеткен сәтте жасалынған картаны пайдалана отырып жасалынған операциялар бойынша дауларды қабылдамайды. Наразылық дәлелденбеген болса, карта ұстаушысы Банкке келтірілген шығындарды өтейді.

22. Жүргізілген операциялар бойынша ақпаратты уақытылы алу мақсатында карта ұстаушысы Банкке тұрғылықты мекенжайы, телефон нөмірі өзгерген жағдайда, хабардар етуге міндетті болады.

23. Карта ұстаушысына картаны заңға қайшы мақсаттарда қолдануға, соның ішінде ҚР заңнамасына сай тыйым салынған тауарлар мен қызметтерді сатып алуға тыйым салынады.

24. Картаны пайдалануға қатысты барлық мәселелер бойынша карта ұстаушысы Банкке хабарласады. Банк кез-келген уақытта карта бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.

4-бап. Несие картасы бойынша несие лимитінің шеңберінде операцияларды және шот бойынша операцияларды жүргізу тәртібі

1. Клиент картаны төлемдерді жүзеге асыру, сонымен бірге қолма-қол ақша алу мақсатында пайдаланады.

2. Шот бойынша ақшаны есепке алу және есептен шығару Банктің қолданыстағы тарифтеріне, банктік өнімдердің шарттарына және ҚР заңнамасының талаптарына сай жүзеге асырылады.

3. Шотты толықтыру қолма-қол ақшаны енгізу немесе аударым арқылы ҚР заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

4. Орындау үшін төлем құжатын табыстау және ұсыну тәртібі Банк және халықаралық төлем жүйесі бекіткен ережелерге сай жүзеге асырылады.

5. Банк шоттағы ақшаны авторизация сомасының көлемінде бұғаттауға құқылы. Авторизация сомасы Клиенттің шоттағы қол жетімді сомасынан осы шартпен белгіленген негіздемелер бойынша алынғанға дейін немесе Банк сол авторизация сомасы аясындағы төлемнің орындалмағаны жайлы дерек алғанға дейін шегеріледі.

6. Картаны пайдалана отырып операцияларды жүргізу барысында картаның ПИН-кодын қолдану Банк үшін Клиент бастамасымен картаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру үшін негіздеме болып табылады.

7. Карта ұстаушысы сауда чектерін және картаны пайдалана отырып операциялардың жүргізілгенін растайтын басқа құжаттарды картаны пайдалана отырып операцияларды жасаған күннен бастап 3 (үш) ай бойы басқа банктермен реттеуді талап ететін даулы транзакциялар туындаған жағдайда, растау құжаттары ретінде қолдану үшін сақтауға міндетті.

8. Банк ай сайын есеп мерзімі аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке несие картасы бойынша ашылған ағымдағы шоттың үзінді-көшірмесін қалыптастырады. Аталған үзінді-көшірмеде берешек сомасы, есеп мерзімінде Клиент жасаған операциялар туралы ақпарат көрсетіледі. Банк үзінді-көшірмені Клиенттің талабы бойынша жазбаша өтініш алған күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде ұсынады. Клиент есептелген комиссиялар мен сыйақы туралы ақпаратқа қатысты ескертулерін мұндай үзінді-көшірмені қалыптастырған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей білдіруге құқылы. Олай болмаған жағдайда, үзінді-көшірме Клиент тарапынан расталған болып саналады. Клиент шот бойынша үзінді-көшірмені алмауы, сонымен бірге үзінді-көшірмедегі ақпаратқа ескертулерінің болуы Клиентті осы шарттың талаптарына сай берешекті өтеу міндетінен босатпайды.

9. Жүргізілген операция бойынша наразылықтар болған жағдайда, карта ұстаушысы операция жүргізген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке міндетті түрде растау құжаттарын (сауда чектерін және т.б.) және Клиенттің жүргізген операциясы бойынша шығындарын (бар болған кезде) дәлелдейтін құжаттарды қосымша ұсына отырып, наразылық білдіруге міндетті. Олай болмаған жағдайда, жүргізілген операция расталды деп есептеледі.

10. Банк Клиенттің наразылығын ол келіп түскен күннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде қарастырады және Клиенттің наразылығы дәлелденген жағдайда, Банк жүргізілген анықтау негізінде тиісті картаны пайдалана отырып жасаған операцияны жойып, тиісті операция жойылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Клиентке құжат жүзінде дәлелденген залалдарды өтеп береді. Назарылықты қарастыру мерзімі ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда ұзартылуы мүмкін.

11. Банк Клиенттің кінәсінен және/немесе бастамасымен картаны алуға, бұғаттауға, стоп-тізімге қосуға байланысты іс-әрекеттерге қатысты барлық шығындарды сөзсіз тәртіпте өтеуге міндеттенеді.

12. Егер шартта өзге көзделмесе, шотта орналастырылған қаражат тек қана Клиент жүргізген операциялары бойынша Клиент пен Банк арасында өзара есеп айырысуларды іске асыру үшін пайдаланылады.

13. Банкке ақша қолма-қол ақшасыз немесе Клиенттің шотына есептеу мақсатында Клиент Банктің кассасы арқылы ақша енгізген кезде Банк көрсетілген ақшаны түскен (енгізген) күні Клиенттің шотына есепке алады.

14. Үшінші тұлғаларға картаны пайдалануға тыйым салынады және Банк картаны үшінші тұлғалар тарапынан пайдалануын анықталса, Банк картаны бұғаттайды және/немесе мүлдем алады.

15. Банк жеке шот валютасынан ерекшеленетін валютада операциялардың конвертация бағамын, сонымен бірге конвертация бойынша операциялар жүргізілетін валюталардың тізімін Банк бекітеді және өз қалауы бойынша өзгерте алады. Сома конвертациясын талап ететін операцияларды жүзеге асырған кезде шоттағы қажет соманы бұғаттау транзакцияны жасау сәтінде бекітілген бағам бойынша, ал шоттан қажетті соманы есептен шығару транзакцияны растау сәтінде әрекет ететін бағамы бойынша жүзеге асырылады. Банк конвертацияны жүргізу кезінде операцияны жүргізу сәтінде әрекет ететін Банк тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай комиссияларды алуға құқылы. Операциялар ағымдағы валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады және мұндай операцияларды жүргізу сәтінде әрекет ететін Банктің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай комиссия алынады.

16. Карта ұстаушысы картаны Банктің веб-сайтында жарияланған тізімдегі компрометация тәуекелдігі жоғары мемлекеттерінде пайдаланған жағдайда, карта иесі картаның компрометация тәуекелдігі жоғары мемлекеттерде картаны пайдалануды тоқтатқан

сәттен бастап 3 (үш) банктік күні ішінде Банкке картаны қайта шығару үшін жүгінуге міндеттенеді. Аталған талапты сақтамаған жағдайда және осыған байланысты мұндай карта бойынша рұқсат етілмеген картаны пайдалана отырып жасалынған операциялар пайда болған жағдайда, Банктің барлық шығындары, сонымен бірге Банкке келтірілген нұқсан карта иесінен сөзсіз тәртіпте өндіріп алынуы тиіс.

17. Клиенттің шотында бір жылдан астам мерзім ішінде ақша қозғалысы (ақша) болмаған жағдайда, Банк Клиентке шотта ақша қозғалысының жоқ екендігі туралы хабарлама жіберуге және шотты осы хабарламаны жіберген күннен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін жабуға құқылы. Клиент хабарлама келген күннен бастап 3 (үш) ай ішінде шот бойынша операцияларды қайта бастамаған жағдайда, Банк біржақты тәртіпте шартты бұзуға, шотты жабуға және шоттағы ақша қалдығын өз меншігіне аударуға құқылы, ал Клиент осы іс-әрекеттермен сөзсіз келіседі.

5-бап. Несие лимитін ұсыну

1. Банк Клиентке несие лимитін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес несиелік скоринг қорытындылары негізінде шот бойынша несие лимитін белгілеу арқылы ұсынады.

2. Несие лимиті тараптар қол қойған несие шартының негізінде бекітіледі. Несие лимиті шеңберінде карта бойынша несиелерді ұсыну шарттары несие шартымен және осы шарттың 2-тарауымен реттеледі.

3. Егер несие шартында өзге көзделмесе, несиені ұсыну несие картасы бойынша несие лимитінің бекітілген сомасы шеңберінде жаңартпалы негізде жүзеге асырылады, бұл ретте несие лимитінің қол жетімді мөлшері карта бойынша өтелген негізгі берешек сомасына сай қалпына келтіріледі.

4. Банк өз қалауы бойынша несие лимитінің шекті сомасы шеңберінде несие лимитінің бекітілген сомасын өзгертуге / бекітуге құқылы. Бұл ретте Клиент Банкпен жасалынған шартының, несие шартының немесе өзге шарттарының талаптарына сай өз міндеттемелерін тиісті орындауы тиіс. Банк несие лимитін бекітуді / несие лимитін өзгертуді кезекті есеп айырысу күні жүзеге асырады.

5. Банк Клиентке несие лимитін бекіту / несие лимитін өзгерту туралы хабарламаны өз қалауы бойынша жазбаша нысанда немесе Клиент көрсеткен мекенжай бойынша / телефон нөміріне SMS жіберу арқылы хабарлайды. Егер клиент бекітілген несие лимитінің сомасымен келіспеген жағдайда, Клиент Банк бекіткен несие лимитінен Банк бекіткен тәртіпке сәйкес бас тартуға құқылы. Бұл ретте несие лимитінің бекітілген сомасын өзгерту Клиент пайдаланбаған несие лимитінің сомасы шеңберінде ғана мүмкін.

6. Картаны бойынша несиені пайдалану мен оны өтеу шарттары несие шартында және осы шарттың 2-тарауында анықталған.

6-бап. Сыйақыны есептеу шарттары

№ 1 өзгерістер мен толықтырулармен 6-бап 1-тармақ жаңа редакцияда (16.11.2015 ж. № 36/2015 хаттама)

1. Осы шарттың толық заңды мерзімі бойы Банк өзінің тарифтері мен өнімдерінің талаптарына сәйкес Клиенттің шотындағы ақшаның оң қалдығына сыйақыны есеп айырысу айынан кейінгі әр айдың 1 (бірінші) күнінде есептеуді жүзеге асыруға құқылы. Сыйақыны есептеу барысында Банк шоттағы ақшаның күнтізбелік күннің соңындағы нақты қалдығын есепке алады.

№ 1 өзгерістер мен толықтырулармен 6-бап 2-тармақ жаңа редакцияда (16.11.2015 ж. № 36/2015 хаттама)

2. Есеп айырысу айы үшін есептелген сыйақы сомасы есеп айырысу айынан кейінгі келесі әрбір айдың 1 (бірінші) күніндегі шоттағы сомаға қосылады.

3. Сыйақы осы баптағы 2-тармағында көрсетілген күнге дейін шот жабылған жағдайда, толық емес ай үшін төленбейді.

4. Банк шотындағы ақшаның оң қалдығына есептелетін сыйақы мөлшерлемесінің көлемі туралы мәліметтер Банктің веб-сайтында және ғимараттарында орналастырылады.

5. Банк шарттың жарамдылық мерзімі ішінде бекітілген тарифтерге және банктік өнімдердің шарттарына сай шоттағы ақшаның оң қалдығына есептелетін сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіпте бекітуге / өзгертуге / жоюға құқылы.

6. Клиенттің шоты бойынша шығыс операцияларды тоқтатқан жағдайда немесе ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда шоттағы ақшаға тыйым салынған жағдайда, Банк шығыс операцияларын тоқтатудың толық мерзімі және (немесе) шотқа тыйым салу мерзімі ішінде шоттағы қалдыққа сыйақы есептемеуге құқылы..

7-бап. Берешекті және/немесе техникалық овердрафтты өтеу

1. Техникалық овердрафт пайда болған жағдайда, Клиент оны сол күннен кешіктірмей өтеуге тиіс.

2. Техникалық овердрафт келесі жағдайларда орын алуы мүмкін: конвертация кезіндегі валюта бағамының айырмашылығы салдарынан; шот бойынша транзакция авторизациясыз көрсетілген жағдайда; Банк операция кезінде комиссияны есепке алмаған жағдайда және т.с.с.

3. Берешек және/немесе техникалық овердрафт Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген тәртіппен өтеледі.

8-бап. Картадан бас тарту

Клиент картадан бас тартуға және біржақты тәртіпте карта бойынша, сонымен бірге мұндай карта бойынша несие лимитін ұсыну туралы несие шарты бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда шотты жабуға құқылы. Клиент Банкке шарттың әрекет ету мерзімін тоқтатудың болжалды күніне 30 (отыз) банктік күн бұрын тиісті жібере отырып шотты жабады. Ағымдағы шотты жабу Банк хабарлама алған күннен бастап кемінде 30 (отыз) банктік күннен кешіктірмей жүзеге асырылады. Клиент картадан бас тартқан жағдайда, карта (шот) бойынша қызмет көрсеткені үшін төленген сыйақы қайтарылмайды. Банка Клиенттен картадан бас тарту мен карта бойынша операцияларды жасауға арналған шотты жабу туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін 30 (отыз) банктік күннен кешіктірмей Клиент көрсеткен деректемелер бойынша шот бойынша ақша қаражатының қалдығын қайтарады.

5-тарау. Салымдарды орналастыру шарттары

1-бап. Жалпы ережелер

1. Клиент ҚР заңнамасында және көрсетілген операцияларды жүргізуге қатысты Банктің ішкі құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, Банк осы шартқа сәйкес салымдарды орналастырады және жинақ шоттарды ашады.

Тараптардың келісімі бойынша банктік салымды ашу мен ол бойынша қызмет көрсету шартын тараптар қол қойған банктік салымның жеке шарты ретінде ресімдеуге болады.

2. Банктік салымды ашу төменде көрсетілгендердің негізінде жүзеге асырылады:

1) Банк бекіткен нысандағы тараптар қол қойған өтініш;

2) Банк бекіткен нысандағы Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып, интернет-банкингте қалыптастырылған өтініш.

3. Салым түрінде орналастырылатын ақшалай қаражаттың шарттары Банктегі Клиенттің ақшалай қаражатты банктік өнімдердің шарттарына сай орналастырған сәтіндегі шарттарына сай орналастырылады.

4. Клиент салымдардың жеке (арнайы) түрлерінің талаптарына сай қосымша құжаттарды ұсынуы мүмкін.

5. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген Клиенттің өтініші қолданылатын банктік өнімнің шарттарына сай банктік салымның жеке шарттарын анықтайды және Клиенттің көрсетілген шарттарға сай банктік салым шартын жасасу офертасы болып табылады. Банк Клиентке Банк ғимаратында немесе Клиентке Банкке салым сомасы түскеннен кейін интернет-банкинг арқылы берілетін тараптар өзара келіскен шарттарға сай салымды ашуды растауы Клиенттің офертаны қабылдауы болып табылады. Осы шарттың талаптары оферта негізінде жасалынатын банктік салым шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады.

6. Клиенттің жинақ шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатылған немесе ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда жинақ шотындағы ақшаға тыйым салынған жағдайда, Банк шығыс операцияларын тоқтату және (немесе) жинақ шоты бойынша ақшаға тыйым салудың толық мерзімі ішінде есептелмейді.

7. Клиент салым бойынша талап құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

2-бап. Салымды енгізу тәртібі

1. Клиент салады, ал Банк салымды жинақ шотына есепке алу арқылы салымды қабылдайды да, банктік салымның жеке шарттарында және шартта көзделген мөлшер мен тәртіпте салым бойынша сыйақыны төлейді.

2. Банк Клиентке осы тараудың 1-бабының 2-тармағында көрсетілген салымды ашу туралы өтінішінің негізінде жинақ шотын ашады.

3. Банк Клиентке өтініште көрсетілген валютада жинақ шот ашады.

4. Банк төменде көрсетілген әдістермен Клиентке Банкте оның атына ашылған жинақ шотының нөмірі туралы хабарлайды:

1) Клиент Банктің ғимаратына тікелей жүгінген кезде, бұл ретте Клиент жинақ шоттың нөмірі көрсетілген Банктік қызметкерінің қолымен куәландырылған жазбаша құжатты алуға құқылы;

2) интернет-банкинг арқылы.

5. Клиент интернет-банкинг арқылы жинақ шот ашқан жағдайда, Банк Клиентке интернет-банкинг арқылы келісілген шарттарда жинақ шотын ашу арқылы растауды немесе жинақ шотын ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.

6. Өтініш пен Банктің интернет-банкинг жүйесінде қалыптастырған салымды ашу туралы растауы Банктің дерек қорында электрондық нысанда сақталынады.

7. Клиент Банктің кез-келген бөлімшесінен интернет-банкинг көмегімен салымды орналастыру бойынша қағаз тасығышта салымды ашу туралы өтініштің және шотты ашуды растаудың данасын алуға құқылы.

8. Егер банк салымы шартында өзге көзделмесе, Клиент салымды жинақ шотқа осы тараудың 1-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарын ресімдеген күні салады. Салым сомасы Банкке қолма-қол ақша түрінде, ақша аударымы арқылы көрсетілген мерзімнен кешіктіріп түскен жағдайда немесе банк салымы шартында бекітілген төмендетілмейтін қалдық сомасынан төмен сома түскен жағдайда, Банк салым бойынша сыйақыны талап етілгенге дейін салым шарттарына сай есептеуге немесе банк салымы шарты жасалынбаған деп есептеуге, ал түскен ақша сомасын Клиент Банкке жүгінген жағдайда қайтаруға құқылы. Салымды салу Банкте ашылған Клиенттің банктік шоттарынан ақшаны есептен шығару арқылы акцептісіз тәртіпте оларды тікелей дебеттеу немесе ҚР заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарында тыйым салынбаған басқа әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін.

9. Салымды орналастыру мерзімі салымға ақшалай қаражат түскен күннен кейінгі келесі күнінен бастап есептелінеді.

№ 3 өзгерістер мен толықтырулармен 10-тармақ жаңа редакцияда (29.01.2016 ж. № 3/2016 хаттама)

10. Салым бойынша сыйақы салымды нақты сақтау мерзімі үшін есептелінеді, бұл ретте Банкке ақшаны енгізу күні мен салым мерзімінің аяқталу күні болып бір күн танылады. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Банк сыйақыны есептеу кезінде бір жыл ішіндегі нақты күнтізбелік күндер санын есепке алады.

11. Егер банк салымы шартында өзге көзделмесе, Клиент жинақ шотына салымды енгізуді қолма-қол ақшасыз немесе Банктің кассасы / терминалдары / банкоматтары арқылы жүзеге асыра алады.

12. Егер банк салымы шартында өзге көзделмесе, салым бойынша қосымша жарналарды Клиенттің өзі немесе үшінші тұлғалар (оның жеке сәйкестендіру коды туралы қажетті деректерді көрсете отырып) қолма-қол ақшасыз жинақ шотқа аудару, Банктің кассасы арқылы

қолма-қол ақшаны енгізу немесе Банктің төлем терминалдары / банкоматтары арқылы енгізе алады.

13. Салымды электрондық ақшаны пайдалана отырып толықтырған немесе салған кезде Банк ақшаны Банктің банктік шотына аударған сәттен бастап электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу ережелеріне сай есептеген сәттен бастап алынған болып саналады.

3-бап. Салымды қайтару тәртібі

1. Егер банк салымы шартында өзге көзделмесе, салымды орналастыру мерзімі ішінде салымнан ақшаны ішінара алуға рұқсат беріледі, алайда банктік өнімдердің тиісті шарттарында және/немесе банк салымы шартының талаптарында бекітілген мөлшерде төмендетілмейтін қалдық шотта болуы тиіс. Салымнан ақшаны ішінара беру Банк Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотына немесе Клиент ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатта көрсетілген шотқа аудару немесе Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол ақшамен жүзеге асырылады. Клиент немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте үшінші тұлғалар салым сомасынан Шартта бекітілген төмендетілмейтін қалдық сомасынан төмен соманың бөлігін алған жағдайда, банк салымы шарты Банк Клиентке ол туралы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептелінеді. Банк салымы шартын осы тармаққа сәйкес бұзғанға дейін Банк салым бойынша сыйақыны салым шарттарына сай талап етілгенге дейін есептеуге құқылы.

2. Салымның толық сомасын немесе оның бөлігін алу үшін Клиент Банкке алдын-ала, яғни болжалды ақша алу күніне дейін кемінде 5 (бес) банктік күні бұрын Банк бекіткен нысанда тиісті өтініш беруі қажет. Осы тармақтың шартына қарамастан, Клиент Банк кассасы арқылы қолма-қол ақшаның бөлігін немесе салымның толық сомасын алу мақсатында Банкке келген жағдайда, Банк өз қалауы бойынша Клиентке сұраған сомасын Клиент аталмыш өтінішті берген күні бере алады.

3. Банктің салымның барлық сомасын толық немесе ішінара қайтару, сонымен бірге салым бойынша сыйақыны төлеу міндеттемесі орындалған болып саналады, егер:

1) қолма-қол ақшасыз аудару кезінде Банктің шотынан ақшаны ҚР-ның басқа банктерінде ашылған Клиенттің банктік шоттарына есептен шығарғанда;

2) жинақ шотынан ақшаны есептен шығарған сәттен бастап және Банкте ашылған Клиенттің өзге банктік шотына есепке алғанда;

3) Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол ақшаны берген сәтте. Қате есептелген және төленген сыйақы сомасы қайтарылуы тиіс, бұл ретте Банк артық төленген сыйақы сомасын салым сомасынан ұстап қалуға құқылы.

Егер салымды орналастыру күнінің аяқталуы жұмыс емес күніне келсе, салымды қайтару көрсетілген жұмыс емес күнінен кейінгі бірінші банктік күні жүзеге асырылады.

4. Салым мен есептелген сыйақыны қайтарғаннан кейін Банк жинақ шотын жабады.

5. Банк өзіне тәуелді емес жағдайлар (шотқа тыйым салу, шотты жабу) бойынша есептелген сыйақыны немесе салым сомасын немесе оның бөлігін қайтару мүмкін болмаған жағдайда, ол үшін жауапты болмайды. Клиент өзі ұсынған ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатта көрсетілген шоттың өзектілігін тексеруге және Банкке ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатты және Банк бекіткен нысандағы өтініштің түпнұсқасында шоттың өзгеруі туралы 3 (үш) банктік күнінен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді.

6. Егер банк салымы шартында өзге көзделмесе, Клиент келмеген және салым сомасын салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін салым сомасы талап етілмеген жағдайда, салымды орналастыру мерзімі автоматты түрде дәл сондай шарттармен дәл сондай мерзімге ұзартылған болып саналады, ал мөлшерлеме бойынша сыйақыны есептеу салымды орналастыру мерзімінде әрекет ететін мөлшерлемеге сай жүзеге асырылады. Капиталдандыруы жоқ, сыйақы капиталдандыруы қарастырылмаған банк салымы шарттары бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы банк салымы шартын ұзарту күніне қосымша есепке алынбайды. Банк салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін

салымының мұндай түрін Банк қабылдауды тоқтатса, салымды орналастыру мерзімі ұзартылмайды. Банк салым сомасын Клиент ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатында көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотына аударады немесе Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол ақша түрінде береді. Өзге жағдайларда салымды орналастыру мерзімі салым талап етілгенге дейін дәл сондай шарттармен созылған болып саналады.

6-тарау. Электрондық банктік қызметтерін ұсыну шарттары

1-бап. Жалпы ережелер

1. Электрондық банктік қызметтерін ұсынудың осы шарттары жеке тұлғаларға электрондық банктік қызметтерін ұсынудың стандартты шарттарын анықтайды және интернет-банкинг (мобильді банкинг) және/немесе электрондық терминал арқылы электрондық банктік қызметтерін ұсынумен байланысты Клиент пен Банк арасындағы қарым-қатынасты реттейді.

2. Электрондық банктік қызметтерін ұсыну тараптар қол қойған және Банк бекіткен нысандағы өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

3. Электрондық банктік қызметтерін ұсыну шеңберінде Банк төменде көрсетілген қызметтерді қоса алғанда және шектелместен ұсынады:

- 1) шоттар бойынша ақпаратты ұсыну (қалдық, шот валютасы мен өзге ақпарат);
- 2) берешек қалдығы, несие шарттары бойынша ай сайынғы төлемдердің мөлшері және берешекті өтеу бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты ұсыну;
- 3) шот бойынша операциялар туралы ақпаратты ұсыну;
- 4) несие шарты бойынша өтеу кестесін ұсыну;
- 5) салымдар бойынша есептелетін сыйақы туралы ақпаратты ұсыну;
- 6) қызметтердің жеткізушілерінің пайдасына төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін беру;
- 7) жеке банктік шоттар арасындағы банк ішіндегі аударымдарды жүзеге асыру мүмкіндігін беру;
- 8) басқа эмитенттердің карталарынан өз шоттарына аударымдарды жүзеге асыру;
- 9) Банктегі салымдарды толықтыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 10) өзге электрондық банктік қызметтері.

2-бап. Электрондық банктік қызметтерін ұсыну шарттары

1. Банк электрондық банктік қызметтерін қашықтықтан дербес компьютерлер, байланыстың электрондық құралдары, электрондық терминалдары және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа әдістерінің көмегімен байланыс арналары арқылы көрсетеді. Клиент дербес және өз есебінен өзінің дербес компьютерлері мен байланыстың электрондық құралдарын интернет желісіне қосылуын, сонымен бірге пайдаланатын дербес компьютерлері мен байланыстың электрондық құралын заңсыз қол жеткізу мен залал келтіретін бағдарламалық жасақтамадан қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Клиент электрондық банктік қызметтерінің толық жиынтығын алу үшін ұялы телефон / дербес компьютер / ұялы байланыс операторының желісіне қосылған және интернет желісіне рұқсаты бар басқа құрылғыларға ие болуы тиіс.

3. Транзакциялық-банктік қызметтерді көрсету кезінде Банк пен Клиент арасындағы ақпарат алмасу электрондық сандық қолтаңбаны және/немесе Клиенттің динамикалық сәйкестендіруінің көмегімен жүзеге асырылады. Транзакциялық-банктік қызметтерді электрондық сандық қолтаңбаны және/немесе Клиенттің динамикалық сәйкестендіруді пайдаланбастан телефон арқылы Банктің ішкі ережелері мен шарттарында көзделген қауіпсіздік процедурасын қолдану негізінде ғана рұқсат етіледі.

4. Тараптар Клиенттің транзакциялық-банктік қызметтерді жүзеге асыруға тапсырмалары, сонымен бірге шарттың талаптарына сай интернет-банкинг немесе электрондық терминалының көмегімен қалыптастырылған Клиенттің өзге

өтініштері/нұсқаулықтары қағаз тасығышта ресімделген құжаттарға сәйкес келетіндігімен және шарт бойынша тараптарда үйлес құқықтар мен міндеттемелердің туындауына алып келетіндігімен келіседі (ҚР заңнамасына сай қағаз тасығышта әзірленген және/немесе жасалынған құжаттар мен шарттарды қоспағанда). Клиент тарапынан операцияның жүргізілуін құжат түрінде растауына Клиенттің дұрыс аутентификациясын, сәйкестендіруін және жүйеде операцияны жүргізуді растайтын Банктің тиісті автоматтандырылған жүйесінде операцияларды жүргізу хаттамасы саналады.

5. Банк көрсететін электрондық банктік қызметтері үшін сыйақыны Банктің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай алады.

6. Банк шот валютасынан ерекшеленетін валютада операцияларды жүргізген жағдайда, Банк операцияны өңдеу сәтінде әрекет ететін халықаралық төлем жүйелерінің/Банктің бағамы бойынша операция сомасының конвертациясын жүзеге асырады.

7. Шотқа ақша қолма-қол ақшасыз тәртіпте немесе шот валютасынан ерекшеленетін валютада қолма-қол ақша енгізілген жағдайда, Банк операцияны өңдеу сәтінде әрекет ететін халықаралық төлем жүйелерінің/Банктің бағамы бойынша операция сомасының конвертациясын жүзеге асырады.

8. Банк Клиенттің өкілдеріне (соның ішінде сенім білдірген тұлғаларына) интернет-банкинг арқылы электрондық банктік қызметтерін пайдалану мен электрондық банктік қызметтеріне қосылу мүмкіндігін ұсынбайды.

9. Клиенттің өзінің шоттарынан ақшаны интернет-банкинг арқылы аудару туралы тапсырмасын Банк Клиенттің мұндай тапсырмасында орындау мерзімі көрсетілмесе, тапсырманы ресімдеу күнінен кейінгі келесі банктік күнінен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде орындайды.

10. Клиенттің шоттары арасында интернет-банкинг арқылы аударым жасағанда шоттарға ақшалай қаражатты есептеу мұндай операцияны жүргізген күннен кейінгі келесі банктік күнінен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде жүзеге асырылады.

11. Клиенттің атына өзге ұйымдардан түсетін төлемдер мен аударымдарды Банк Клиенттің тиісті шотына/салымына тиісті шарттарда есепке алудың өзге мерзімі қарастырылмаса, Банктің шотына ақшалай қаражаттың тиісті сомасын есептеген күннен кейінгі келесі банктік күнінен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде есепке алынады.

12. Банктегі Клиент шоттарынан шетел валюталарындағы басқа ұйымдардағы (ҚР аумағындағы немесе ҚР аумағынан тыс жерлердегі) үшінші тұлғалардың шоттарына төлемдері мен аударымдары ҚР мен тиісті шетел валютасындағы ақшаны есепке алатын мемлекеттегі демалыс және жұмыс еме күндерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

13. Банк бастамасы бойынша SMS-хабарламаларды электрондық банктік қызметтерін ұсыну шеңберінде тарату Клиенттен комиссияларды ұстамастан Банктің өз есебінен жүзеге асырылады.

14. Клиентті электрондық банктік қызметінен ажырату Банк бекіткен нысанда қағаз тасығышта тиісті түрде ресімделген және Клиенттің қолы қойылған өшіру туралы өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

3-бап. Интернет-банкинг қызметін ұсыну мен пайдалану тәртібі

1. Клиентте интернет-банкинг арқылы электрондық банктік қызметтерін алу үшін:

- 1) Банктегі шот / банктік қарыз / карта;
- 2) интернет желісіне қол жеткізу;
- 3) телефон нөмірі;
- 4) логин, алғашқы / жеке пароль мен SMS-код болуы тиіс.

2. Банк Клиентке интернет-банкингке қол жеткізу үшін Клиент көрсеткен телефон нөміріне алғашқы парольді жібереді, мұндай пароль интернет-банкингке алғашқы рет кіруге ғана арналған және Клиент мұндай пароль арқылы тек қана тұрақты жеке паролін орната алады, ал басқа операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

3. Клиент өзінің жеке паролін интернет-банкингті алғаш пайдаланған кезде дербес

қалыптастырады.

4. Банк Клиент электрондық банктік қызметтерін алуы үшін Клиенттің телефон нөміріне SMS-код жібереді. SMS-код интернет-банкингке тек қана бір рет кіруге мүмкіндік береді. SMS-код интернет-банкингте бір интербелсенді сессияға ғана жарамды болады. Логин ретінде телефон нөмірі пайдаланылады.

5. Клиент бір сессия ішінде электрондық банктік қызметтердің шексіз санын алуға құқылы. Бір сессия уақыты шартта бекітілген жағдайларды қоспағанда шектелмейді.

6. Клиент жеке паролін жоғалтқан жағдайда, Банктің байланыс орталығына хабарласуға міндеттенеді. Клиентті сәйкестендірудің стандартты процедурасынан кейін Банк Клиентке интернет-банкингке кіруге қажет алғашқы паролді телефон нөміріне жібереді. Клиентті сәйкестендіру жасырын сөзді пайдалана отырып жүзеге асырылады.

7. Клиент интернет-банкинг арқылы төменде көрсетілген электрондық банктік қызметтерінің келесі түрлерін алуға құқылы:

- 1) шоттар бойынша ақпаратты қарау (қалдық, шот валютасы мен басқа ақпарат);
- 2) берешек қалдығы, несие шарттары бойынша ай сайынғы төлемдердің мөлшері, берешекті өтеу бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты қарау;
- 3) несие шарты бойынша өтеу кестесін қарау;
- 4) салымдар бойынша есептелген сыйақы туралы ақпаратты қарау;
- 5) интернет-банкингте көрсетілген қызметтердің жеткізушілерінің пайдасына төлемдерді жүзеге асыру;
- 6) жеке банктік шоттар арасындағы банк ішіндегі аударымдарды жүзеге асыру;
- 7) Банкте ресімделген несиелерді / карта бойынша несиелерді өтеу;
- 8) сыртқы эмитенттердің карталарынан өз шоттарына аударымдарды жүзеге асыру;
- 9) өзге транзакциялық-банктік қызметтер мен ақпараттық-банктік қызметтер.

8. Жеке жағдайларда транзакциялық-банктік қызметтерді жүзеге асыру үшін қосымша талапқа Клиенттің операцияларды растауы үшін SMS-кодты енгізу жатады. Клиент SMS-кодты алу үшін Банкке интернет-банкинг жүйесіндегі тиісті функцияны таңдау арқылы сұрау салады. Банк SMS-кодты Клиенттің телефон нөміріне жібереді.

4-бап. Электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерін ұсыну мен пайдалану тәртібі

1. Клиент электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізу үшін банктік қызмет көрсету шартының (банк салымы шартының, ағымдағы шотты ашу шартының, несие шартының) нөмірін немесе осы шарттың немесе өтініштің нөмірін немесе ЖСН-ды көрсетеді және/немесе электрондық терминалдың тиісті терезесінде көрсетілетін өзге нұсқаулықтарды сақтайды. Банк өзінің ішкі нормативтік құжаттарында анықталған өзге ақпаратты сұратуға құқылы.

2. Клиент бір сессия ішінде электрондық банктік қызметтерінің шексіз санын алуға құқылы. Бір сессия уақыты шартта бекітілген жағдайларды қоспағанда шектелмейді.

3. Клиент электрондық терминалдардың көмегімен келесі электрондық банктік қызметтерінің түрлерін алуға құқылы:

- 1) электрондық терминал экранында көрсетілген қызметтер жеткізушілерінің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға;
- 2) Банкте ресімделген несиелерді / карта бойынша несиелерді өтеуге;
- 3) Банкте ресімделген салымдарды толықтыруға;
- 4) қолма-қол ақшаны алуға;
- 5) электрондық терминал арқылы қол жетімді өзге транзакциялық-банктік және ақпараттық-банктік қызметтер.

4. Қолма-қол ақшаны электрондық терминалдар арқылы салу арқылы төлемдерді жүзеге асыру мен ақшаны аудару кезінде ақша жіберушіге ҚР заңнамасында көзделген міндетті деректемелерден тұратын чек беріледі. Клиент электрондық терминал арқылы алатын чегінің статусы алғашқы құжат болып танылады және электрондық терминал арқылы Банкке қолма-

қол ақшаны енгізу арқылы төлемді жүзеге асыру және/немесе ақша аударуды жүзеге асыру фактісін растайды.

5-бап. Электрондық банктік қызметтерін тоқтату мен оларды жою

1. Шартта көзделген негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерін көрсетуді тоқтатқан немесе жойған кезде Банк Клиентке телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы немесе тиісті хабарламаны Банктің веб-сайтында жариялау арқылы немесе ҚР заңнамасының талаптарына қарама-қайшы келмейтін өзге әдіс арқылы хабарлайды.

2. Банк электрондық банктік қызметтерін көрсетуді тоқтатуды немесе жоюды келесі жағдайларда жүзеге асырады:

1) шарттың немесе Банкпен жасалынған шарттың банктік қызмет көрсету жөніндегі өзге шарттарының талаптары бұзылған жағдайда;

2) электрондық банктік қызметтерін ұсынуды немесе техникалық жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулықтары пайда болған жағдайда;

3) Банктің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша Банкке өтініш ұсынған күннен кейінгі келесі банктік күнінен кешіктірмей Клиент өтінішінің негізінде;

4) электрондық банктік қызметтеріне қосылу туралы өтінішінде телефон нөмірін қате көрсеткен жағдайда;

5) Банк Клиенттерінің арасында телефон нөмірлерінің бірегейлігі талаптарын бұзған жағдайда;

6) Клиент өзінің дербес деректерін өңдеуге келесімін кері қайтарған жағдайда;

7) Банктің қалауы немесе ҚР заңнамасында және/немесе шартында көзделген өзге негіздерге сай.

3. Банк интернет-банкинг қызметтерін көрсетуді тоқтатуды немесе жоюды сонымен бірге Клиент шоттарын жапқан кезде немесе Клиентпен жасалынған шарттарға сай электрондық банктік қызметтердің ұсынылуының тоқтатылуы немесе жойылуы секілді шарттардың өзгеруі барысында жүзеге асырылады.

4. Клиенттің электрондық банктік қызметтерін алуға құқықтарының тоқтатылуына алып келетін себептерін жою кезінде Клиентке электрондық банктік қызметтері қайтадан ұсынылады.

5. Электрондық банктік қызметтері тоқтатылған және жойылған кезде тараптар өздерінің барлық қаржылық және өзге міндеттемелерін толық көлемде орындауы тиіс.

6-бап. Қауіпсіздік процедуралары

1. Банк байланыстың электрондық арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдаланады.

2. Құпиялылық пен интернет желісінде қосылудың ақпараттық қауіпсіздігі HTTPS жабық деректерді беруге арналған хаттаманың SSL сертификатының, логин мен жеке парольдің, сонымен бірге операцияларды растауға арналған біржолғы кодтармен қамтамасыз етіледі.

3. Даулы жағдайларды анықтау мен талдауға қажет деректерге қол жеткізу Клиент пен Банк жіберген/алған барлық құжаттардың мұрағатын жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

4. Жүйедегі пайдаланушылардың барлық іс-әрекеттері электрондық журналға жазылады.

5. Банк құпиясын құрайтын ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк Клиент көрсеткен логиннің, жеке парольдің / алғашқы парольдің, ЖСН, Банкпен жасалынған банктік қызмет көрсету шарты нөмірінің және интернет-банкингке кіруге немесе электрондық терминалды пайдалануға арналған біржолғы кодтың дұрыстығын автоматты түрде тексереді.

6. Логинді және / немесе жеке парольді / алғашқы парольді 3 (үш) рет қате енгізгеннен кейін Банк пайдаланушы интернет-банкинг жүйесін 15 (он бес) минутқа бұғаттайды.

Көрсетілген уақыт өткеннен кейін Клиент дұрыс логинді және/немесе жеке парольді / алғашқы парольді, SMS-кодты дұрыс енгізген жағдайда, интернет-банкингте жұмыс істеу мүмкіндігі қалпына келтіріледі.

7. Жеке пароль 30 (отыз) күнге жарамды. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін Клиент жеке парольді жаңа парольге ауыстыруы керек. Егер Клиент аталған мерзім аяқталғаннан кейін жеке парольді өзгертпей, интернет-банкингті пайдалану үшін әрекет жасайтын болса, Клиентке интернет-банкингтің 6 (алты) сеансы ғана ұсынылады. Олардың ішінде Клиент жеке паролін басқа парольге ауыстыру керек. Олай болмаған жағдайда, Интернет-банкингке кіру бұғатталады.

8. Банк Клиентке парольді таңдаған кезде келесі талаптарды сақтауға кеңес береді:

- 1) парольдің ұзындығы кем дегенде 8 (сегіз) символ болуы тиіс;
- 2) пароль келесі талаптардың кем дегенде үшеуіне сай болуы тиіс:
 - парольде кіші әріптерді пайдалану (a-z);
 - парольде үлкен әріптерді пайдалану (A-Z);
 - парольде сандық мағыналарды пайдалану (0-9);
 - парольде арнайы символдарды пайдалану.

9. Егер қол жеткізу құралы (компьютер / мобильді телефон / басқа құрылғылар) Клиент интернет-банкингке кіргеннен кейін 15 (он бес) минуттан астам әрекетсіз болса, автоматты түрде интернет-банкингтен шығарылып, сессия аяқталады.

10. Банк Клиенттің интернет-банкинг немесе электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерін алу туралы тапсырысының шынайылығын тексеруді автоматты түрде Клиент енгізген операцияларды растауға арналған біржолғы кодтың көмегімен жүзеге асырылады. Транзакциялық-банктік қызметтерді жүзеге асыру кезінде операцияларды растау үшін біржолғы кодты қосымша бір рет көрсету қажет.

11. Клиент байланыс орталығына хабарласу арқылы интернет-банкингке қол жеткізуді бұғаттай алады.

12. Қажет болса Банк Клиенттің интернет-банкингке кіруді толық бұғаттау мүмкіндігі бар.

7-тарау. Төлемдер мен шот ашпастан ақша аудару

1. Клиент банктік шот ашпастан ақша аудару мен төлемдерді үшінші тұлғалардың пайдасына жүзеге асыруға құқылы.

2. Шот ашпастан ақша аудару туралы шарт Банк Клиенттен төлемдерді жүзеге асыру мен шот ашпастан аударуға арналған құжаттарды алғаннан (акцепт) кейін жасалынған болып саналады.

3. Банк орындауға: түсініксіз нұсқаулықтарды; толтырылмаған немесе Клиенттің қолы қойылмаған немесе ҚР заңнамасында көзделген мәліметтері жоқ төлем құжаттарын; қарындашпен толтырылған, түзетулері бар төлем құжаттарын, сонымен бірге ҚР заңнамасын бұзатын операцияларды жүргізу туралы нұсқаулықтарды; ҚР заңнамасында көзделген басқа жағдайларда қабылдамайды. Банк мұндай төлем құжаттарын Клиентке бас тарту себептерін түсіндіре отырып кері қайтарады. Банк мұндай нұсқаулықтарды орындаудан бас тартуына байланысты Клиентке келтірілген шығындар мен залалдар үшін жауапты болмайды.

4. Банк нұсқаулықтарды ҚР заңнамасында бекітілген тәртіп пен мерзімге сәйкес қабылдайды.

5. Банк өз қалауы бойынша мерзімді негізде өзгеріп тұруы ықтимал Банк орындайтын төлемдер мен ақша аударуға қойылатын нақты талаптарды өзгерте алады.

6. Осы арқылы тараптар Клиенттің төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыруға қатысты барлық және кез-келген нұсқаулықтарын, соның ішінде шектелместен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді операциялық күннің ішінде ғана қабылдайды.

7. Клиент Банктің талабы бойынша төлемнің дәлелділігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

8. Клиент төлем құжаттарында валюталау күнін көрсетеді. Банктің мұндай төлем құжаттарын қабылдауымен байланысты құқықтары мен міндеттері ҚР заңнамасымен реттеледі.

9. Клиент Банк қабылдаған нұсқаулықтарды кері қайтаруды және нұсқаулықтарды тоқтатуды ҚР заңнамасында бекітілген тәртіп пен мерзімде жүзеге асыра алады.

8-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1-бап. Банктің құқықтары мен міндеттері

1. Банк міндеттенеді:

1) Клиентке шот ашуға, Клиенттің пайдасына қолма-қол енгізілген және/немесе қолма-қол ақшасыз аударылған ақшаны қабылдауға, мұндай ақшаны Клиенттің шоттарына ҚР заңнамасының, осы шарттың және жеке банктік қызметтерді ұсыну шарттарының талаптарын есепке ала отырып есепке алуға;

2) Клиентке шоттың ашылуы мен оның деректемелері туралы Банк төмендегі әдістердің кез-келген бір түрін (соның ішінде пошталық байланыс, электрондық пошта, SMS-хабарлама, интернет-банкинг арқылы) таңдай отырып, Клиент Банкке шотты ашу барысында ұсынған деректемелері бойынша хабарлауға;

3) Клиентке оның сұрауы бойынша банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттары, соның ішінде Банктің ғимараттарында және/немесе веб-сайтында жарияланған банктік өнімдердің шарттары туралы ақпаратты ұсынуға;

4) рұқсат етілмеген төлемдердің алдын алу, мұндай оқиғаларды тергеу, іс-шаралар қабылдау мәселелері бойынша әріптестікті жүзеге асыруға;

5) Банкте орналастырылған салым сомасына жасалынған шарттардың талаптарына сай сыйақыны есептеуге;

б) салымды мерзімінен бұрын алынған және/немесе Клиенттің бастамасы бойынша банктік салым шарты бұзылған жағдайда, жасалынған шарттарға сәйкес салымды алу және/немесе шартты бұзу күніне мұндай шарттар бойынша есептелген сыйақы мен салымның негізгі сомасын төлеуге;

7) жасалынған шарттарда көзделген тәртіпте салым мерзімінің аяқталуына дейін шарттың талаптарына сай салым мерзімін ұзарту кезіндегі сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі туралы хабарлауға;

8) шартта көзделген тәртіпте электрондық қызметтерді көрсетуге;

9) Клиентке интернет-банкингке кіруге арналған біржолғы кодты, алғашқы парольді ұсынуға;

10) интернет-банкингке алғашқы парольді пайдалана отырып бірінші рет кірген кезде алғашқы парольді жеке парольге ауыстыру мүмкіндігін беруге;

11) Клиенттің сұрауы оған электрондық банктік қызметтерін жіберуді және/немесе алуды растайтын құжаттарды ұсынуға. Мұндай құжаттардың негізінде мұндай сұрау түскен күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде электрондық банктік қызметтерін ұсынады;

12) шартта көзделген тәртіпте Клиенттің өтініші бойынша электрондық банктік қызметтерін ұсынуды тоқтатуға;

13) шартта көзделген тәртіпте Клиенттен жазбаша өтініш алған кезде Клиенттің өтініші негізінде электрондық банктік қызметтерін ұсынуды, жоюды/тоқтатуды қалпына келтіруге;

14) Клиенттен түскен өтініштің негізінде Банк бекіткен мерзім ішінде Клиентке немесе Клиент берген және нотариалды куәландырылған сенімхаттың негізінде әрекет ететін сенімді тұлғасына төлем картасын беруге;

15) шот бойынша қызмет көрсетуді ҚР заңнамасына, шарт талаптарына, Банктің ережелері мен басқа ішкі нормативтік құжаттарына сай қамтамасыз етуге;

16) Клиенттің шоты бойынша бос ақша қалдығы мөлшерінде уақытылы және толық көлемде операцияларды жүргізуге;

17) Клиенттің талабы бойынша оған жазбаша сұрау түскен күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде берешек сомасы, сонымен бірге есеп мерзімі ішінде төлем картасын пайдалана

отырып Клиент жүргізген операциялар бойынша үзінді-көшірмені ұсынуға;

18) Клиенттен жазбаша сұрау алған күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде шот бойынша операциялар туралы қосымша үзінді-көшірмені Банктің қолданыстағы тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай комиссияларды ала отырып ұсынуға;

19) Клиенттің жазбаша өтінішін «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында бекітілген мерзім ішінде қарастырып, оған жазбаша жауап әзірлеуге;

20) ҚР заңнамасында, шартта және Банк пен Клиент арасында жасалынған басқа келісімдерде бекітілген жағдайлар мен тәртіпте ғана Клиенттің келісімінсіз (акцептісіз тәртіпте) оның шотында ақшаны алуға. Клиенттің келісімінсіз ақшаны алудың дәлелділігіне өндіріп алушы жауапты болады;

21) ҚР заңнамасында және шартта көзделген жағдайларды қоспағанда Клиенттің дербес деректерін, Клиентке қатысты банктік құпияны жарияламауға;

22) несие шартын жасасқан күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде осы Тараудың 2-бабының 2-тармағының 1-тармақшасында көзделген несиені ұсынған күннен бастап есептелген сыйақыны, сонымен бірге Банктің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай несиені ресімдегені үшін комиссияларды, егер мұндай комиссия несие шартын жасасу кезінде төленбесе және несие сомасына кірмесе, тұрақсыздық төлемі мен несиені қайтарғаны үшін айыппұлды ұстамастан қабылдауға;

23) Клиенттің өтініші бойынша айына кемінде бір рет ақысыз үш банктік күннен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда несие шарты бойынша берешекті өтеу есебіне түскен кезекті ақшаны бөлу (негізгі берешекке, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі өтіп кеткен төлемдерді көрсете отырып басқа төленуі тиіс сомаларға) туралы ақпаратты ұсынуға;

24) Банк шарт бойынша Клиентке ұсынған ақшаны Клиент ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша ақысыз негізде үш банктік күннен кешіктірмей Клиентке қайтарылатын соманың мөлшерін негізгі берешекке, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі өтіп кеткен төлемдерді көрсете отырып басқа төленуі тиіс сомаға бөле отырып жазбаша хабарлауға;

25) шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаларға берген жағдайда (егер құқықтарды беру шартта қарастырылса) үш банктік күн ішінде жазбаша түрде борышкерге (оның уәкілетті өкіліне) берілген талап құқықтарының толық көлемін, негізгі берешекке, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі өтіп кеткен төлемдерге ағымдағы және мерзімі өтіп кеткен берешекті бөле отырып, сонымен бірге талап құқықтары берілген банкке немесе тұлғаға несие картасы / несиені өтеу бойынша ары қарай төлемдерді тағайындау туралы ақпаратты хабарлауға;

26) ҚР заңнамасы мен шартта көзделген өзге міндеттемелерді орындауға.

2. Банк құқылы:

1) Клиентке ауызша немесе жазбаша нысанда жасалынған шарттар туралы мәліметтерді, соның ішінде шоттың жағдайы, шот бойынша операциялар туралы ақпаратты, сонымен бірге Банктік қызметі, банктік өнімдердің шарттары мен Банктік қызметтері (соның ішінде хабарламалар) туралы ақпаратты байланыстың ашық арналары, соның ішінде пошта (соның ішінде электрондық), курьер, қолма-қол, ұялы байланыс (SMS) және факсимильді байланыс арқылы, егер Клиент Банктің сұрауы бойынша тегін, атын және әкесінің атын, ЖСН, жасырын сөзін немесе Клиент шартты жасасу барысында көрсеткен өзге ақпаратты айтқан жағдайда ғана беруге. Клиент шартқа сай Банк байланыстың ашық арналары арқылы жіберілетін ақпаратқа үшінші тұлғалардың заңсыз қол жеткізу қаупі бар екендігін түсінетіндігін және мұндай қатерді өзіне қабылдайтындығын растайды;

2) Банктегі салымның максималды сомасын шектеуге және салымдардың максималды сомасынан асатын сомаға сыйақыны есептемеуге;

3) жаңа шотты ашудан, егер мұндай валютада ашылған шот болса, бас тартуға;

4) ішкі процедураларға сай үшінші тұлғаларға шот бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға;

5) біржақты тәртіпте осы шартты, тарифтерді, банктік өнімдердің шарттарын толығымен немесе ішінара ҚР заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, жеке банктік қызметтерді өзгертуге және/немесе толықтыруға. Банк Клиентке мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты төменде көрсетілген әдістердің кез-келген біреуін пайдалана отырып (Банктің қалауы бойынша) хабарлайды:

Банк ғимараттарындағы ақпараттық стендтер арқылы;

Банктің веб-сайты арқылы;

Клиентке жаңа шартты, тарифтерді, қағаз тасығышта толықтырулар және/немесе өзгерістер есепке алынған банктік өнімдердің шарттарын ұсыну арқылы;

электрондық пошта арқылы;

SMS-хабарлама арқылы;

өзге әдіспен.

Егер ҚР заңнамасында немесе шарттар өзге көзделмесе, Банк енгізген кез-келген өзгерістер және (немесе) тарифтер және (немесе) банктік өнімдердің шарттары Клиент үшін мұндай өзгерістер күшіне енген күннен бастап міндетті болып табылады. Егер Клиент өзгерістермен келіспесе, Клиент тиісті банктік қызметтерді пайдаланудан бас тартуға құқылы;

6) Клиент шарт шеңберінде пайдалана алатын банктік операциялардың және (немесе) қызметтердің тізімін анықтауға, өзгертуге, соның ішінде толықтыруға;

7) Клиенттің Банк алдында қандай да бір міндеттемелері бойынша берешегі болған жағдайда, Банк Клиенттің шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатуға;

8) Клиенттен өзін сәйкестендіру үшін қажет мәліметтер мен құжаттарды, сонымен қатар салық резиденттілігі туралы, қызмет түрі туралы және атқарылып жатқан операциялардың қаржыландыру көздері туралы мәліметтерді талап етуге;

9) ҚР заңнамасында және (немесе) Клиенттің іс-әрекетін реттейтін шетел мемлекеттерінің заңнамасында көрсетілген жағдайларда және (немесе) Клиенттің нұсқауларын осы Шарттың талаптарына сәйкес орындау мақсатында кез-келген қажет ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы және Салымшы осы талаппен сөзсіз келіседі. Осы тармақшада көрсетілген келісімді Салымшының өзі Банкте болған кезде берді;

10) егер Клиент сәйкестендіруден өтпесе немесе Клиент мұндай қызмет түрінің көрсетілуіне қажет ҚР заңнамасында немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды немесе Клиентті сәйкестендіруге қажет растаушы мәліметтерді ұсынбаса немесе күмәнді құжаттарды ұсынса бас тартуға;

11) Клиенттен жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды олардың ҚР заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында сұрауға;

12) кез-келген сәтте жеке қалауы бойынша Клиент интернет-банкинг және электрондық терминал арқылы Банктегі шоттары / салымдары бойынша жасай алатын банктік операциялар мен функциялардың тізімін анықтауға және өзгертуге;

13) Клиент біржолғы кодты дұрыс көрсетпеген жағдайда, операцияны жүзеге асырудан бас тартуға;

14) егер шоттағы ақша қалдығы төлем сомасы мен Банкке төленуі тиіс қызмет үшін комиссиялық сыйақы сомасынан аз болса, транзакциялық-банктік қызметтерді жүзеге асырудан бас тартуға;

15) интернет-банкинг пен электрондық терминалдың интерфейсін және техникалық баптауына өзгерістер жүргізуге;

16) шартта көзделген негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерін ұсынуды тоқтатуға немесе мүлдем жоюға;

17) Клиент тарапынан қол жеткізу арналарын пайдалануға тұрақты немесе уақытша шектеулер қоюға, соның ішінде нақты қол жеткізу арнасы арқылы Клиент тіркеу мен беруді жүзеге асыра алатын қызмет түрлерінің тізімін шектеуге;

18) Клиентке хабарлама жіберместен Банк Клиент атынан заңсыз қол жеткізу арналарына кіру мүмкіндігі бар жағдай орын алды деп есептесе, Банк мұндай қол жеткізу арнасының бір немесе бірнеше арнасы бойынша қызметке қол жеткізу мүмкіндігін уақытша шектеуге немесе тоқтатуға;

19) ҚР заңнамасына сай Клиенттің шоттары бойынша операцияларды жүргізуді тоқтатуға;

20) Біржақты тәртіпте интернет-банкинг пен электрондық терминалдағы операциялар бойынша шектеуді (лимитті) орнатуға және өзгертуге. Банктің көрсетілген шектеулерді орнатуы және/немесе өзгертуі туралы шешімі жөніндегі ақпарат веб-сайтта және/немесе электрондық терминалдың ақпараттық дисплейінде орналастырылады;

21) Клиент шарттың талаптарын бұзған жағдайда, электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізуді бұғаттауға;

22) төлем деректемелерін көрсету кезінде Клиент жіберген қателерді анықтаған кезде, Клиент Банкке қажет құжаттардың / деректемелердің толық емес жиынтығын ұсынған кезде немесе мүлдем ұсынбаған кезде, сонымен бірге ҚР заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және шарттың талаптарына қарама-қайшы келетін операцияларды болған кезде Клиенттің тапсырмасын келесі жағдайларда орындамауға;

23) электрондық терминалдар арқылы Клиент жүзеге асыратын операцияларды суретке және видеоға түсіре отырып жүзеге асыруға, Клиент электрондық терминал арқылы жасаған кез-келген операцияларды жүргізу кезінде Банк суреттер мен видео жазбалар Клиент мұндай операцияларды жүргізу фактісін анықтау кезінде дәлел ретінде қолданыла алатындығымен келіседі және растайды.

24) өз ғимараттары мен құрылғыларында Клиентке қосымша хабарлама жіберместен қауіпсіздік пен тиесілі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында видеожазбаны жүргізуге. Видео жазбалар мен телефон арқылы тілдесулер Банк пен Клиент арасында даулар пайда болған кезде, сонымен бірге басқа жағдайларда дәлел ретінде пайдалануы мүмкін;

25) шарт негізінде Клиентке алдын ала ескерту жіберместен шоттан, сонымен бірге Банкке тиесілі соманы, соның ішінде шектелместен Клиенттің Банк алдындағы қолданыстағы ақшалай міндеттемелер бойынша берешекті және (немесе) шарт негізінде Банкке тиесілі комиссияларды, сонымен бірге шотқа қате аударылған ақшаны тікелей дебеттеу арқылы алуға. Осы арқылы Клиент Банкке шарттың талаптарына және сомада ақшаны тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асыруға сөзсіз және даусыз құқық береді;

26) Клиенттің акцептісіз банкке шот валютасынан ерекшеленетін валютада түскен ақшаны Банк бекіткен конвертация күніндегі валюта бағамы бойынша конвертациясын жүргізуге;

27) Клиент жүргізген операцияларға қатысты дауларды мұндай операцияларды жүргізген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қабылдамауға;

28) Клиент Банкке шартты бұзу немесе шарттан бас тарту туралы жазбаша өтінішті ұсынған жағдайда, Клиентке карта / шот бойынша қызмет көрсеткені үшін комиссияны қайтармауға;

29) Клиент шарттың талаптарын бұзған жағдайда, банктік қызметтерді көрсетуде болуы ықтимал шектеулер немесе банктік қызметтерді ұсынуды шектеу және (немесе) тоқтату туралы ескертуге;

30) шартты ішінара немесе толық орындаудан бас тартқан жағдайда, біржақты тәртіпте Клиентке алдын-ала хабарлама жіберместен карта шығармауға, сонымен бірге картаны келешекте алу құқығымен картаны бұғаттауға және (немесе) Клиенттің шотын (соның ішінде шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату) Банк өз талаптарын қанағаттандыру мақсатында шотты тікелей дебеттеу арқылы шоттағы ақшаны өндіріп алу құқығымен бұғаттауға;

Клиент шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

несие шартының талаптарын орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған немесе Клиенттің Банк алдында басқа орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда;

шот бойынша соңғы операцияны жүргізген (картаны пайдалана отырып) күннен бастап шот бойынша соңғы 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде операциялар болмаған жағдайда;
шотқа ақша қате аударылған жағдайда;

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімде көзделген жағдайларда;

Клиент Банк талап еткен құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған жағдайда;

картаның жарамдылық мерзімі аяқталған жағдайда;

карта Банктік қызметкерлеріне арналған банктік өнімдердің ерекше шарттары бойынша берілген жағдайда, Банктік қызметкерімен еңбек қарым-қатынастары тоқтатылған жағдайда;

Банктің қалауы бойынша немесе ҚР заңнамасында көзделген басқа кез-келген жағдайларда;

31) несие шартының талаптарына сай бекітілген несие лимиті шеңберінде карта бойынша несие ұсынуға;

32) несие лимитін ұсынудан және/немесе несие шартын жасасудан бас тартуға;

33) несие лимитін жоюға және несиені / карта бойынша несиені мерзімінен бұрын өтеуді және несиені / карта бойынша несиенің сыйақысын төлеуді талап етуге;

Клиент өзінің қаржылық жағдайы туралы жалған ақпарат берген және (немесе) қаржылық жағдайын нашарлатқан фактілері анықталса;

Банктің қалауы бойынша басқа кез-келген жағдайларда;

34) Клиент картаны белсендірмеген және/немесе алмаған жағдайда, картаны жоюға / қолданыстан алуға;

35) шот бойынша шығыс операцияларын жүзеге асыруды мұндай операциялар ҚР заңнама талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда тыйым салуға;

36) Клиент, оның шоттары, шот бойынша операциялар мен шарттың талаптары туралы мәліметтерді, сонымен бірге шартты жасасумен және тараптардың шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауымен байланысты басқа ақпаратты (соның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты) үшінші тұлғаларға (соның ішінде Банк тиісті келісім жасаған коллекторлық компанияларға, төлем жүйесі қатысушыларына, картаны шығару мен қызмет көрсету шеңберінде банкке қызметтерді көрсетумен айналысатын басқа тұлғаларға) беруге. Осы құқық сонымен бірге шарттың жарамдылық мерзімі өткеннен кейін де әрекет етеді;

37) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сай карта бойынша қолма-қол ақшаны алуға лимитті (соның ішінде банкоматтар арқылы), сонымен бірге картаны пайдалана отырып немесе картаны пайдаланбастан жүргізуге болатын тәуліктік және/немесе апталық және/немесе айлық операциялар лимитін орнатуға немесе карта (соның ішінде банкоматтар арқылы) бойынша қолма-қол ақшаны алуға тыйым салуды орнатуға;

38) Клиенттің өтініші / тапсырысы бойынша Клиент сатып алған тауарлар, жұмыстар, қызметтерді шоттан қосымша акцептісіз есептен шығару арқылы төлеуге;

39) шартта көрсетілген талаптарға сай Клиенттің шотындағы ақшаға сыйақы есептеуге;

40) шот бойынша операцияны жүзеге асырудан бас тартуға, егер:

мұндай операция ҚР заңнамасына қарама-қайшы келсе;

шығыс операцияларының сомасы Клиенттің жеке қаражаты мөлшерінен және/немесе карта бойынша несие лимитінен асып кетсе;

карта бұғатталса, жойылса немесе оның жарамдылық мерзімі аяқталса;

операция рұқсат етілмесе;

41) біржолғы тәртіпте картаның компроментация тәуекелдігі жоғары мемлекеттердің және төлем карталары бойынша транзакцияларға тыйым салынған мемлекеттердің тізімін орнатуға және оны өзгертуге;

42) шотты ашу немесе ашудан бас тарту туралы шешімді дербес қабылдауға;

43) Клиенттің нұсқаулығын егер мұндай нұсқаулық және ол бойынша ұсынылатын құжаттар ҚР заңнамасының талаптарына қарама-қайшы келсе бас тартуға;

44) біржақты тәртіпте несие шартының талаптарын Клиент үшін жағымды жаққа өзгертуге;

45) Банкте клиент несие шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамайды деген негіздемелер туындаған жағдайда (соның ішінде клиенттің мүлкіне тыйым салынуына, қылмыстық, әкімшілік немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылуына, сонымен бірге клиент несиенің кезекті бөлігінің және (немесе) сыйақының төлемін қайтару үшін бекітілген мерзімнен күнтізбелік қырық күннен аса уақытқа кешіктіруіне байланысты және клиент несие шартының талаптарын бұзған өзге жағдайларда), Банк клиентке тиісті талапты жазбаша нысанда жіберген сәттен бастап клиенттен күнтізбелік 21 (жиырма бір) күнтізбелік күн ішінде несие шарты бойынша берешекті мерзімінен бұрын толық өтеуді талап етуге, сонымен бірге клиенттің қосымша келісімсіз акцептісіз тәртіпте клиенттің кез-келген банктік шотынан несие бойынша қызмет көрсетумен байланысты Банктің өзге шығындары мен несие бойынша берешек сомасын толығымен немесе жартылай өндіріп алуға (шығарып алуға);

46) Клиенттің Банк алдында шарт бойынша берешегі пайда болған жағдайда, шарт бойынша өз құқықтарын үшінші тұлғаға (коллекторлық агенттігіне) толық немесе ішінара беруге, бұл ретте мұндай үшінші тұлғаға немесе өкіліне мұндай беруді жүзеге асыру үшін Клиент туралы, оның берешегі туралы ақпаратты мұндай тұлғаларға тиісті құжаттарды ұсына отырып жариялауға;

47) несие шарты бойынша берешекті толық өтеген сәттен бастап бір жыл ішінде Клиент талап етпеген артық төлем сомасын өз меншігіне айналдыруға;

48) біржақты тәртіпте есептелген айыппұлдарды (өсімақыны) өндіріп алудан бас тартуға және Клиенттен айыппұлдарды (өсімақыны) өндіріп алу міндеттемесін орындауды талап етпеуге;

49) Банк электрондық терминалдардың немесе банкоматтардың инкассациясы кезінде анықталған артық сомалардың бар екендігін білген сәттен бастап Клиент тарапынан 6 (алты) ай ішінде талап етілмеген сомаларды өз меншігіне аударуға;

№ 3 өзгерістер мен толықтырулармен 8-тарау 1-бап 2-тармақ 49-1) тармақшамен толықтырылды (29.01.2016 ж. № 3/2016 хаттама)

49-1) Клиентке несие шарты бойынша қызмет көрсетумен байланысты ескертулерді (телефон арқылы қоңыраулар, SMS-хабарламалар) жүзеге асыруға;

50) ҚР заңнамасымен және Банк пен Клиент арасында жасалынған шарттарда бекітілген өзге құқықтарды жүзеге асыруға.

2-бап. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

1. Клиент міндеттенеді:

1) осы шартқа және жеке банктік қызметтерді ұсыну жөніндегі шарттарға сай міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде орындауға;

2) жеке басын куәландыратын құжат деректері, тұрғылықты мекенжайы, еңбек қызметі орындарының, төлем деректемелерінің, телефон нөмірлерінің деректері, сонымен бірге Банкке ұсынылатын басқа деректер өзгерген жағдайда, мұндай өзгерістерді растайтын құжаттарды тараптары келіскен байланыс құралдарының кез-келген бір түрімен немесе жазбаша түрде 3 (үш) банктік күн ішінде ұсынуға;

3) несиелер бойынша берешек болған жағдайда, Банкке дереу жазбаша нысанда ҚР аумағында және ҚР аумағынан тыс жердегі (банктің атауы мен мұндай шот нөмірін хабарлай отырып) банкерде (банктік операцияларды жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға) жаңа банктік шоттарды ашу туралы, сонымен бірге өзінің несие шарты бойынша міндеттемелерін тиісті деңгейде орындауына әсер ететін барлық жағдайлар, соның ішінде Клиенттің мүлкіне тыйым салынғандығы, сонымен бірге үшінші тұлғалар тарапынан шағымдар және/немесе талап арыздарды алғандығы туралы хабарлауға;

4) интернет-банкингке кіруге қажет ақпараттың (соның ішінде логин, жеке пароль, біржолғы код) сақталуын, рұқсат етілмеген пайдалануды болдырмайтын қауіпсіз болуын

қамтамасыз етуге. Интернет-банкингке кіруге қажет ақпаратқа ПИН-код, карта, ұялы телефон нөмірі жатады. Интернет-банкингке кіруге қажет ақпаратты (соның ішінде логин, жеке пароль, біржолғы код), яғни ПИН-кодты, логинді, жеке парольді, біржолғы кодты немесе карта нөмірін, sim-карта салынған ұялы телефон нөмірін үшінші тұлғаларға беруге болмайды. ПИН-кодты, логинді, жеке парольді, біржолғы кодты немесе карта нөмірін, sim-карта салынған ұялы телефон нөмірін жоғалтқан жағдайда, сонымен бірге үшінші тұлға ПИН-кодты, логинді, жеке парольді, біржолғы кодты немесе карта нөмірін, sim-карта салынған ұялы телефон нөмірін үшінші тұлғалар заңсыз пайдаланған жағдайлардың пайда болу қаупі туындаған кезде барлық қол жетімді байланыс арналары арқылы дереу Банкке хабарлауға. Жеке пароль туралы ақпаратты жариялау кезінде жеке парольді «Standard» интернет-банкинг арқылы ауыстыруға. Клиентте мүмкіндік болмаған жағдайда дереу Банкке хабарласуға. Клиент құқылы:

электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізуді бұғаттау (тоқтату) үшін байланыс орталығына жүгінуге;

телефон нөмірін ұялы байланыс операторы арқылы бұғаттауға;

5) Банктік қызметтерін жеке банктік қызметтерді ұсыну шарттарына, Банктің бекітілген тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай төлеуге;

6) Банкке өз шоттарына заңсыз кіру фактілерін немесе заңсыз кіру фактілерінің болуына күдік болған жағдайда, дереу хабарлауға;

7) ҚР заңнамасында бекітілген мерзім мен тәртіпте операцияларды жүзеге асыру туралы ақпарат пен барлық қажетті құжаттарды ұсынуға;

8) электрондық банктік қызметтеріне алғашқы рет жүгінген кезде алғашқы парольді жеке парольте ауыстыруға және жаңа жеке парольді электрондық банктік қызметтері бойынша аутентификация кезінде пайдалануға;

9) ҚР заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттары мен шартқа сай шотта сақталатын ақшаға иелік етуге;

10) электрондық банктік қызметтерін алу кезінде жеке компьютерлердің, байланыстың электрондық құралдарының, электрондық терминалдарының және т.с.с.с экрандарында көрсетілген нұсқаулықтарды сақтауға;

11) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты шоттар бойынша операцияларды жүргізбеуге;

12) ПИН-кодты немесе карта ұстаушысының қолымен куәландырылған картаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша толық жауапты болуға;

13) шартты бұзған жағдайда, Банктен мұндай хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке шарт шеңберінде шығарылған барлық карталарды қайтаруға;

14) картаны жоғалтқан немесе ұрлатқан жағдайда, Банкке ережелерде көзделген тәртіпке сай картаны бұғаттау туралы ауызша немесе жазбаша өтінішпен дереу жүгінуге;

15) Банктен картаны пайдалануды тоқтату туралы тиісті жазбаша хабарламаны алғаннан бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке шарттың шеңберінде шығарылған барлық карталарды қайтаруға. Клиент осы тармақшада көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Банк қайтарылмаған картаны бұғаттайды және Клиенттен картаны бұғаттағаны үшін сыйақыны Банктің бекітілген тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай есептен шығаруға;

16) сөзсіз тәртіпте Клиенттің кінәсінен болған және Банкке келтірілген барлық шығыстар мен сот шығындарын өтеуге;

17) шотқа қате аударылған немесе Банк тарапынан Клиенттің немесе Клиент көрсеткен үшінші тұлғалардың пайдасына қате есептелген ақшаны Банк операцияларды жүргізген күннен бастап 2 (екі) банктік күн ішінде, бірақ Банк бекіткен ақшалай қаражатты қайтару туралы хабарламадағы мерзімнен кешіктірмей қайтаруға;

18) Банк шарттың талаптарына сай шығарған карталарды кәсіпкерлік мақсатта пайдаланбауға;

19) шартты бұзу туралы жазбаша өтінішті берген кезде Банкке шартқа сай шығарылған барлық карталарды қайтаруға;

20) несиені уақытылы өтеуге;

21) техникалық овердрафтты болдырмауға;

22) шот бойынша операцияларды орындауға қажет, соның ішінде жүргізілген операция бойынша комиссияға қажет шотта ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;

23) карта Банктік қызметкерлеріне арналған банктік өнімдердің ерекше шарттары бойынша берілген жағдайда, Банктік қызметкерімен еңбек қарым-қатынастары тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде шартты бұзып, картаны Банкке қайтаруға;

24) сенімхат негізінде шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалар ауысқан немесе мұндай тұлғалардың уәкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, ол туралы Банкке жазбаша түрде немесе тараптар келіскен байланыс құралы арқылы дереу хабарлауға және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынуға. Банк Клиент шотқа иелік етуге уәкілеттілік берген тұлғалардың іс-әрекеттеріне, егер Клиент Банкке мұндай тұлғалардың ауысуы немесе олардың уәкілеттілігі мерзімінен бұрын аяқталғандығы туралы хабарлама жібермеген / уақытылы жібермеген жағдайда жауапты болмайды;

25) шотқа ақшаны қате аудару фактісі анықталған жағдайда, ол туралы Банкке қате аударым / төлем туралы мәліметтері бар шот бойынша үзінді-көшірмені алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде хабарлауға;

26) шоттан алдын ала қолма-қол ақшаны алу үшін мұндай соманы алудың болжалды күніне кемінде 5 (бес) банктік күні бұрын Банк бекіткен нысандағы тиісті жазбаша өтінішті ұсынуға. Осы тармақтың талаптарына қарамастан Клиент Банкке шотынан қолма-қол ақшаны Банктің кассасы арқылы алу үшін жүгінсе, Банк өз қалауы бойынша Клиентке жоғарыда көрсетілген өтінішті ұсынған күні сұрау салынған соманы бере алады;

27) ҚР заңнамасында және Банк пен Клиент арасында жасалынған шарттарда көзделген басқа міндеттемелерді орындауға.

2. Клиент құқылы:

1) несие шартын жасасқан күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу мақсатында алынған несиені Банк несиені берген күннен бастап есептелген сыйақыны, сонымен бірге Банктің тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай несиені ресімдегені үшін комиссияны, егер мұндай комиссия шартты жасасу кезінде төленбесе және несие сомасына кірмесе несиені қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемі мен айыппұл шараларының басқа түрлерін төлеусіз қайтаруға;

2) негізгі берешекті немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, сыйақыны немесе негізгі берешекті төлеу тұрақсыздық төлемін және айыппұл шараларының басқа түрлерін төлеместен банктік күнінен кейінгі келесі күні өтеуге;

3) өтініші бойынша айына кемінде бір рет ақысыз үш банктік күннен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда несие шарты бойынша берешекті өтеу есебіне түскен кезекті ақшаны бөлу (негізгі берешекке, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі өтіп кеткен төлемдерді көрсете отырып басқа төленуі тиіс сомаларға) туралы ақпаратты алуға;

4) шарт бойынша Банк ұсынған ақшаны ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша ақысыз негізде үш банктік күннен кешіктірмей қайтарылатын соманың мөлшерін негізгі берешекке, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі өтіп кеткен төлемдерді көрсете отырып басқа төленуі тиіс сомаға бөле отырып жазбаша түрде алуға хабарлауға;

5) мерзімінен бұрын несиені ішінара немесе толық көлемде тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл шараларының басқа түрлерін төлеместен несие шартының талаптарына сай несие алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін өтеуге;

6) Банк көрсететін қызметтер бойынша даулы сұрақтар туындаған жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007

жылғы 12 қаңтардағы Заңына сай жазбаша жүгінуге және бекітілген мерзім ішінде жауап алуға;

- 7) операцияларды жүзеге асыруға және шарт шеңберінде банктік қызметтерді алуға;
- 8) шарт шеңберінде Банктен операцияларды жүргізу сұрақтары бойынша кеңес және басқа ақпаратты алуға;
- 9) банктік салым шартының талаптарына сай салым сомасын талап етуге;
- 10) Банктің ғимараттарында немесе электрондық банктік қызметтерінің көмегімен шоттағы қалдық туралы мәліметтерді алуға;
- 11) электрондық банктік қызметтерін пайдалануды байланыс орталығына жүгіну арқылы немесе Банк бекіткен нысан бойынша жазбаша өтінішті Банкке жіберу арқылы тоқтатуға;
- 12) өз қалауы бойынша жеке парольді «Standard» интернет-банкингте өзгертуге;
- 13) шарт талаптарына сай жазбаша түрде операциялар бойынша шағымдарымен Банкке жүгінуге;
- 14) шоттағы, сонымен бірге несие лимиті ақша сомасының шеңберінде кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес және ҚР заңнамасына, Банктің ережелері мен басқа ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін операцияларды жүргізуге;
- 15) Банкке картаны бұғаттау немесе бұғаттан шығару туралы ауызша және (немесе) жазбаша өтінішімен ережелерде және шарттың талаптарында көзделген тәртіпте жүгінуге. Клиент картаны бұғаттау туралы өтінішін Банкке телефон (құпия сөзді) немесе байланыстың басқа арналары немесе Банкке тікелей жазбаша жүгіну арқылы ұсына алады. Картаны бұғаттағаны / бұғаттан шығарғаны үшін Банк операцияны жүргізу сәтінде қолданылатын Банк тарифтеріне және (немесе) банктік өнімдердің шарттарына сай комиссия алады;
- 16) Банк көрсететін қызметтер бойынша даулы жағдайлар орын алған жағдайда, жазбаша түрде Банкке растаушы құжаттарды (сауда чектерін және т.с.с.) міндетті түрде қоса бере отырып, шығынды өтеу туралы талапты қоюға;
- 17) Банктің кез-келген ыңғайлы ғимаратына немесе шартта бекітілген өзге әдіспен жүгіне отырып, шоттың жағдайы туралы үзінді-көшірмені алуға;
- 18) ҚР заңнамасында және Банк пен Клиент арасында жасалынған шарттарда бекітілген басқа құқықтарды жүзеге асыруға.

9-тарау. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершіліктен босатылу

1. Өзіне жүктелген міндетті орындамағаны үшін әр тарап екінші тараптың алдында ҚР заңнамасына, осы шартқа және жеке банктік қызметтерді ұсыну туралы шарттарға сәйкес жауапты болып табылады.

2. Егер шартта көрсетілген міндеттердің орындалуы бой бермейтін күштердің, соның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың, ҚР Ұлттық Банкінің шығарған шектеу немесе тыйым салатын актілерінің / шараларының, электр қуатының өшірілуінің, байланыс желілерінің зақымдалуының және шарттың мәніне тікелей байланысты, бірақ тараптардың еркіне көнбейтін басқа да жағдайлар салдарынан мүмкін болмаса, тараптар сол міндеттердің орындалмағаны немесе толық қамды орындалмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

3. Қайсыбір шарт талабы бұзылған жағдайда, Банк жауапкершілігі Банктің заңсыз әрекеті / әрекетсіздігі салдарынан Клиентке келтірілген нақты залал көлемімен шектеледі.

4. Төлем құжатының қате орындалғаны жайлы мәліметті шартта көрсетілген тиісті уақыт ішінде хабарламаған жағдайда, Клиент Банктің тиісті нақты шығындары үшін жауапты болып саналады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпке сәйкес және тиісті көлемде жауапқа тартылады.

5. Ақцептті талап етпейтін нұсқаулықтарға (инкассалық өкімдерге, төлем талап-тапсырмаларына) сай Клиенттің шотынан ақшаны өндіріп алудың негізділігіне мұндай нұсқаулықтарды жіберушілер (өндіріп алушылар) жауапты болады. Мұндай жағдайда Банк Клиенттің оның келісімінсіз шоттан ақшаны есептен шығарғандығы туралы шағымдарды қарастырмайды.

6. Көрсетілген қызметтер / шот бойынша жүргізілген операциялар үшін комиссиялық сыйақы Банкке уақытылы төленбеген жағдайда, Банк Клиенттен әр кешіктірілген күн үшін төленбеген / уақытылы төленбеген соманың 0,1 (нөл бүтін оннан бір) % көлемінде айып төлем (өсімақы) талап етуге құқылы.

7. Банк:

Шартта бекітілген тәртіпте міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті деңгейде орындалмағанына;

Шарттың ережелерін ескере отырып, ҚР заңнамасына сай банктік құпияның жариялағаны;

Банк Клиент тарапынан барлық қажет және тиесілі түрде ресімделген төлем және өзге құжаттарды алған жағдайда, Банкке түскен ақшаны Клиент пайдасына, оның шотына аударуды кешіктіргені үшін жауапты болады.

8. Банк:

Банк кінәсінен болмаған міндеттемелердің орындалмағанына немесе тиісті деңгейде орындалмағанына; үшінші тұлғаның карта бойынша қызмет көрсетуден бас тартқанына; Клиент сатып алған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасына;

Клиенттің Банкке жоғалтылған немесе ұрланған картаны бұғаттауы туралы өтінішпен уақытылы жүгінбегендігінен пайда болған салдарына;

төлем жүйесі мен сауда және сервис кәсіпорнының / қолма-қол ақшаны беру пунктінің арасындағы байланыс болмауының нәтижесінде Банкке операцияны жүргізуге сұрау келмегендігіне, операцияны жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауына;

SMS, e-mail, факс, телефон және т.с.с. ашық байланыс арналары арқылы Клиентке жіберілетін мәліметтердің құпиялылығына, егер Клиент көрсетілген байланыс арналары арқылы сұрау салса немесе көрсетілген байланыс арналары арқылы мәліметтерді жіберу туралы нұсқау берсе;

Банктің қызмет көрсету желісіне қатысы жоқ қолма-қол ақшаны беру пункттерінде карта бойынша қолма-қол ақшаны алғаны үшін қандай да бір қосымша сыйақының алынуына;

Қызмет көрсету жүйесіндегі қандай да бір авариялар, құрал-жабдықпен байланысты қызмет көрсету жүйесіндегі ақаулар, үшінші тұлғалар пайдалануын және/немесе қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін желілерінде электр энергиясының берілуіне және/немесе электр энергиясын берілуіне;

Клиент құжаттарды ресімдеген кезде жіберген қателеріне және электрондық банктік қызметтерін пайдаланған кезде дұрыс емес көрсетілген телефон нөмірлеріне;

Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың шот бойынша шығым операцияларын тоқтату, шот бойынша ақшаға тыйым салу туралы шешімдері / қаулылары, сонымен бірге ҚР заңнамасына сай акцептісіз шоттан ақшаны есептен шығаруға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулықтары түскен кезде шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін жауапты болмайды.

9. Клиент:

Банкпен жасалынған шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны;

Клиенттің Банкке жоғалтылған немесе ұрланған картаны бұғаттауы туралы өтінішпен уақытылы жүгінбеуі салдарынан Банкке келтірілген шығынды толық көлемде өтеуге;

Клиент кінәсінен Банкке келтірілген шығыстар мен сот шығындарын толық көлемде өтеуге;

Клиентті сәйкестендіру мен аутентификациясына арналған шартта қарастырылған құралдарды пайдалана отырып, интернет-банкингте жүргізілетін барлық операциялар;

Клиент үшінші тұлғаларға өзі және шарт туралы өзге ақпаратты, логинін, жеке паролін / алғашқы паролін, біржолғы кодтарына қатысты ақпаратты жариялауы салдарынан Клиенттің рұқсатымен / рұқсатынсыз электрондық терминал немесе интернет-банкингтегі барлық операциялар;

техникалық овердрафттың орын алуына жол бергені;

ҚР заңнамасында бекітілген тәртіп пен мөлшерде шартта көзделген мерзімде төлем құжатының қату орындалғандығы туралы хабарлама жібермеуі себебінен Банкке келтірілген нақты шығындар;

Банктың сұрауы бойынша күмәнді деректер бергені үшін жауапты болады.

10. Банк берешекті уақытылы өтемеген жағдайда: заңды тұрақсыздық төлемін өндіріп алуға; ҚР заңнамасында бекітілген шектеулерді есепке ала отырып, акцептісіз тәртіпте Клиенттің кез-келген банктік шоттарынан берешек сомасын өндіріп алуға; берешек сомасын сот тәртібінде өндіріп алуға; берешекті өндіріп алуды үшінші тұлғаларға Банк тапсырыс орындауға қажет барлық құжаттар мен ақпаратты ұсына отырып, өндіріп алуды тапсыруға, сонымен бірге ҚР заңнамасына сай басқа кез-келген іс-әрекеттерді жасауға құқылы.

10-тарау. Қорытынды ережелер

1. Банк пен Клиент арасында туындаған барлық жанжалдар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Даулы сұрақтарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, Банктің қалауы бойынша оның немесе филиалының орналасқан мекенжайына байланысты ҚР заңнамасына сай сотқа беріледі.

2. Осы шарт белгісіз мерзімге жасалынған.

3. Клиент шарттан біржақты тәртіпте шарт бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда, бас тартуға құқылы. Бұл ретте Клиент Банкке шарттың әрекетін тоқтатудың болжалды күніне кемінде 30 (отыз) банктік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Ағымдағы шотты жабу осы шарттың 3 және 4-тараулыраның шарттарына сай жүзеге асырылады.

4. Тараптар шартты бұзған жағдайда, банктік қызметтерді ұсынуды реттейтін осы шарт шеңберінде Банк пен Клиент арасында жасалынған жеке шарттар әрекетін жалғастыра береді.

5. Шарттың жеке ережелерінің жарамсыздығы шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына алып келмейді.

6. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдерін шарттың тілдері деп таңдады. Тараптар шарт тілдерін толық түсінетіндігін, шарттың, сондай-ақ оның жеке бөлімдерінің мәні мен мазмұнын толық түсінетіндігі туралы мәлімдейді. Шарттың мәтіні бойынша айырмашылықтар (қайшылықтар) болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

Банк деректемелері:

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ/ДБ АО «Банк Хоум Кредит»

050059, Алматы қ., Фурманов көш., 248/г. Алматы, ул. Фурманова, 248

БСН/БИН 930540000147

www.homecredit.kz, client@homecredit.kz

Тел.: +7 (727) 244 54 77

Картаны белсендіру, бұғаттау, ПИН-кодты қалыптастыру мен интернет-банкинг мәселелері бойынша байланыс орталығының телефоны: 7373



**БАНК
ХОУМ КРЕДИТ**

Утвержден
Решением Совета Директоров
ДБ АО «Банк Хоум Кредит»
Протокол № 20/2015
от 18.06.2015 г.

**ДОГОВОР БАНКОВСКОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ
ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ В ДБ АО «БАНК ХОУМ КРЕДИТ»**
(с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.03.2016 г.)

г. Алматы, 2015

ОГЛАВЛЕНИЕ

- Глава 1. Введение**
- Статья 1. Термины и определения**
- Статья 2. Общие положения**
- Глава 2. Условия предоставления кредита**
- Статья 1. Предоставление и погашение кредита**
- Статья 2. Ограничения для Банка**
- Глава 3. Условия открытия и обслуживания текущих счетов физических лиц**
- Статья 1. Общие условия**
- Статья 2. Ведение счета**
- Статья 3. Закрытие счета**
- Глава 4. Условия выпуска, обслуживания и использования платежных карточек**
- Статья 1. Общие условия**
- Статья 2. Выпуск карточек**
- Статья 3. Правила пользования карточкой**
- Статья 4. Порядок проведения операций в рамках кредитной линии по кредитной карточке и операций по счету**
- Статья 5. Предоставление кредитного лимита**
- Статья 6. Условия начисления вознаграждения**
- Статья 7. Погашение задолженности и/или технического овердрафта**
- Статья 8. Отказ от карточки**
- Глава 5. Условия размещения вкладов**
- Статья 1. Общие условия**
- Статья 2. Порядок внесения вклада**
- Статья 3. Порядок возврата вклада**
- Глава 6. Условия предоставления электронных банковских услуг**
- Статья 1. Общие условия**
- Статья 2. Условия предоставления электронных банковских услуг**
- Статья 3. Порядок предоставления и использования услуги интернет-банкинга**
- Статья 4. Порядок предоставления и использования электронных банковских услуг через электронные терминалы**
- Статья 5. Приостановление и прекращение предоставления электронных банковских услуг**
- Статья 6. Процедуры безопасности**
- Глава 7. Платежи и переводы денег без открытия счета**
- Глава 8. Права и обязанности сторон**
- Статья 1. Права и обязанности Банка**
- Статья 2. Права и обязанности Клиента**
- Глава 9. Ответственность сторон. Исключение ответственности**
- Глава 10. Заключительные положения**

Глава 1. Введение

Статья 1. Термины и определения

В настоящем договоре используются следующие основные понятия и сокращения:

- 1) **авторизация** – разрешение Банка на осуществление платежа с использованием карточки;
- 2) **аутентификация** – подтверждение подлинности и правильности составления электронного документа путем использования процедуры безопасности, установленной Банком;
- 3) **Банк** – Дочерний банк акционерное общество «Хоум Кредит энд Финанс Банк» (сокращенное наименование - ДБ АО «Банк Хоум Кредит»);
- 4) **банковский день** – день, в который банки РК открыты для проведения операций;
- 5) **банковский заем** – предоставленный Банком кредит в денежной форме на условиях платности, срочности и возвратности на основании лицензии уполномоченного органа РК;
- 6) **банковская услуга** – услуга, оказываемая в соответствии с настоящим договором, а также договором о предоставлении отдельных банковских услуг;
- 7) **банковского обслуживание** – обслуживание Клиента в соответствии с настоящим договором и законодательством РК;
- 8) **банкомат (АТМ)** – электронно-механическое устройство, позволяющее держателям карточек получать наличные деньги и пользоваться другими услугами с использованием карточки;
- 9) **блокирование карточки** – полный или временный запрет на осуществление платежей с использованием карточки;
- 10) **вклад** – депозит, удостоверенный договором банковского вклада;
- 11) **веб-сайт** – веб-сайты Банка в сети интернет по адресам www.homecredit.kz и/или <https://ibank24.kz>;
- 12) **выписка** – выписка по счету (-ам), формируемая по форме, установленной Банком;
- 13) **годовая эффективная ставка вознаграждения** – ставка вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении по услугам, рассчитываемая в соответствии с законодательством РК;
- 14) **депозит** - деньги, передаваемые Клиентом Банку, на условиях их возврата в номинальном выражении независимо от того, должны ли они быть возвращены по первому требованию или через какой-либо срок, полностью или по частям, с заранее оговоренной надбавкой, либо без таковой, непосредственно Клиенту, либо переданы по поручению третьим лицам;
- 15) **договор** – настоящий договор банковского обслуживания физических лиц в ДБ АО «Банк Хоум Кредит»;
- 16) **договор о предоставлении отдельных банковских услуг** – договор о предоставлении отдельных банковских услуг, заключаемый между Банком и Клиентом в рамках настоящего договора, в том числе договор банковского займа (кредитный договор), договор банковского вклада, договор о переводе денег без открытия счета;
- 17) **держатель карточки** – Клиент, имеющий право пользоваться карточкой и являющийся владельцем счета;
